

Елінің Еркіні еді

(естеліктер)



Елінің Еркіні еді
(естеліктер)

**Әдеби өңдеп, редакциялаған
Төлеген Қажыбай**



**Бұл жинақ белгілі әнші, өнер қайраткері марқұм
Еркін Біржанов жайлы әріптестерінің, достарының,
туған-туыстарының естеліктерінің басын құрап отыр.**

СЕРІНІҢ СЕРТКЕ ТАҚҚАН СЕМСЕРІНДЕЙ

(Еркін Біржановтың әншілік әлемі)

Сарыарқа деп аталатын жарты әлем алапат кеңістікке қысылып, қымтырылмай кеңінен көсіліп жатқан сары дала, сайын жазықтықта нелер болып, кімдер келіп, кімдер кетпеген. Ес біліп, етек жапқан тұстарда аққан селдей, көшкен сендей күркірей жосыла жөңкілген ғұндар мен сақтар, скифтер мен сарматтар сапырылысы, жалаңбұт Еуропаға доңғалақтың не екендігін елестетіп, жылқы атты түліктің барлығын бағамдатқан, сол жылқымен айшылық жолды алты күнде алдырған алапат жорық үстінде атқа ертоқым салып, аяқ тірер үзеңгі таққан Атилла, одан берідегі сығыр көз, жебелі мысық мұртымен ақ елді ұйқысынан шошытып, қайғы беріп, қайғы алғызған ұлы Шыңғыс, оның немересі Бату хан, жарты әлемді жалт қаратып, Мәскеу қақпасының алдын даң қылған Ақсақ Темір тәрізді азуын айға білеген өз қимыд, өрекеттерін жаһандық деңгейде ғана өлшейтін текті де тегеуірінді тұлғалар осы Сарыарқаның жонын ат тұяғымен тілгілей, нелер жойқын жорықтарға жол ашқан. Жол ашу үстінде осы алапат кеңістікті кең жайлаған Көк Түріктің бір бұтағы алаш жұртының өні мен сәнін ат тұяғы жетер жат өлкелерге шаппай-төкпей жеткізгендігі атар таңдай ақиқат. Көші-қоң, көрші-қолаң он сан жұрт бір-біріндегі үлгілікке алып, өнеге тұтар салт пен дәстүр, рәсім мен жоралғыларды өз тұрмыс тіршілігінде көдеге асырды. Тарих толқынына ілескен осынау үрдістер сапырыла араласып, келе-келе кірігіп, сіңіп, ассимиляцияланып кетті. Сөйтіп әлем жайлаған он сан ұлт пен ұлыс томаға тұйық тар тірліктің шеңберінен шығып, басқа әлем, бөтен жұртпен жақындасты. Оған жүрек жұтқан жиһангез Вамбери, Марко Поло, Жанхе, Карпени тәрізділер өздерімен ілескен салт-дәстүрлер үрдісін, мәдени

ерекшеліктерді гүлге қонған арадай шашып, тарата жүрді, өздеріне тосын, таңсық дегендерді көрген жерде қалдырмай ерте жүрді.

Сарыарқаның күн қақтаған бел-белестерінен он сан ұлыс ауа көшіп, бірін бірі алмастыра келе, Ұлы тарих осы алапат өлкенің нақ иесі, құзырлы қожасы қазақ жұртын бекем орнықтырды. Мәшһүр Жүсіп бабамыз “Арғыннан әрі кетсең, адасасың” дегендей, біз қазақтың арғы-бергі тек тұқымын қуалай, қаузалай қопарып уақыт алмаймыз. Ол – мақсат та емес..

Біз осы Сарыарқаның басқа ұлт пен ұлыстан оқшаулатып тұрған қазақ этномәдениетінің ішіндегі ән өнеріне шылбыр шалмалаймыз. Өйткені Арқа еліндегі әндік, әншілік өнер өзінің жаһұт тастың он сан қырындай жарқырай төгіліп кетіп тұрар ғажап, сыр-сипатымен ерекшеленеді. Орыстың бір жиһангез ориенталист ғалымы “Маған бүкіл қазақ жері ән салып тұрғандай әсерлендіреді” десе, онысын шындыққа сыйдыра отырып тап осы Арқа алабындағы ән өнеріне берген әділ бағасы деп қабылдауымызға толық негіз бар. Кезінде ұлы Шоқан да Арқадағы қалыптасқан ән мектебінің сыр-сипатын суреттей келіп, бұл өлкедегі ән, әншілік өнердің ғажап сұлулығына текті тәңтілікпен тебіренген ғой.

“Таудың ұлы тауға тартып туады” дегеннің ақиқаты бар болса, Арқадай кеңістікті кезіп кетер кереге қанатты қыранның топшысы талып, құйма тұяқтың балқып кетерлік құбылысын ойға ала алсақ, сөз жоқ, сол кеңістіктің аясына құлашы кең, тынысы жел-көрік, қуаты алапат, самғасы шексіз, бойлап барары тұнғыық түпсіздік қана сай келетіндігін ескермеске әсте болмайды. Ендеше Арқа өнінің диапазоны кереметтей кеңдігіне, шығандап кетер шырқасына әсте тандануға бола қояр ма екен. Нелер биік октаваларды еркін игеріп алар әнші таланты өз алдына.

Ән де айтушысына, ортасына, тегіне, түріне тартып тумаққа керек. Ендеше оның орындаушысының да әсте осал болмағандығы. Мысалды әр қиырға қиял көңіл-көзімізді қадамай-ақ өз ортамыздан ойып алып қарастырар болсақ, бір ғана Біржан сал тағылым-тәрбиесі жетіп артылады. Өйткені Біржан талантының басқа әншілерді қатарына алмас ғаламат ғажап қуаттылығы оның табиғи тума үн қарқынымен ілесе самғар әннің ырғақ, қайырымдарының қайталанбас сұлулығы мен сымбатты сұңғатының үйлесімділігінде дегеніміз жөн болмақ. Ішкі динамикалық екпін тегеуіріні сыртқа, әуеге әуен болып тепсіне шыққанда әншінің өзіне де сауыр сыйпатпас асау мінезділігімен бас бермей кететіндей тым тарпаң, тым асқақ қалып танытады. Шығандай зау биікке барып-барып төмен қотарыла құйылған кезде ақиық қыран қылықпен көк нілді ауаны қақырата сөгіп өтіп сананды сергелденді, күйікті қалпымен әлдилей жөнеледі. Бұл сипат қайырма тұсқа ауысқанда да “әри-ай, әри-айлата” бебеулетіп келіп солық басып, зорға тыным алады емес пе.

Жобасы, біз сөзбен кестелей тізбелеп жатсақ та жеткізе алмас Біржан әндерінің ұлылығы мен ұлық тұтар тектілігін танып, түйсіну үшін Әміре, Жүсіпбек, Манарбек, Мәдениет, Жәнібек, Қайрат тәрізді бір-бір тұлғалық әншілерге құлақ тоспаққа кеңес береміз. Өйткені “суретті – көру, музыканы есту керек” дейтін дұрыс қағида бар ғой.

Арқа әні, әншілерінің қатары ХІХ ғасырда тұтастай, ХХ ғасырда жартылай сетінемей толық болды. Сонау Біржан мен Ақан, Үкілі Ыбырай мен Балуан Шолақ, Әсет пен Иса, Ғазиз бен Жарылғапберді, Жаяу Мұса мен Мәди, Иман Жүсіп пен Естай, Шашубай мен Қалқа, Майра мен Ажар тәрізді он сан тұлғалы тұғырлары биік кемелді әншілер халқымыздың өндік, әншілік өнерін өрге сүйреген ерен өнерпаздар еді. Бұлардың әрқайсысы өз кемел-кеменгерлігімен келісті

өнеріміздің өрісін кеңейтіп, өркенін өсірді, келешекке көркем туындыларын аманат етіп тапсырып кетті. Өкініші какафониялық даңғазалы заман ғасырлап үзілмей келген ән өнеріміздің жауһарларына жатбауырлық танытып, өбектей бауырға басудың орнына басқа тебер тасбауыр тексіздікке барып отырмыз. Бұл ұлы өнер алдындағы кешірілмес қиянат! Осынау ұлы өнердің заңды жалғасы сипатындағы тағы бір әншілік өнер құлақ қылқитты. Ол таза орындаушылық өнер еді. Өткендегі ұлыларымыз әрі ақын, әрі композитор, әрі орындаушы қызметін қатар атқарып синкретті өнердің барынша өркендеуіне өріс ашса, бүгінгі Күләш Бәйсейітовадан, Ермек Серкебаевтан, Бибігүл Төлегеновалардан бастау алатын орындаушылық өнер Еуропа сахна мәдениетінің мәйегінен уыз емді, орындаушылықтың академиялық үлгісінен өріс тапты.

Бұл аса бір кірпияз, таза талант пен шебер өртістікті талап ететін өнер өнегесі еді. Қазақтың сайын даласын сахна еткен ән өнері күмбезді ғимараттар төріне – сәулетті сахналарға, микрофон-дауыс күшейткіштерге озды. Өзінің киім киісі, жүріс-тұрысы, қимыл-қияпаты орындаушылық шеберлікпен өріліп түскен қос бұрымдай қатар қоныс тапты. Ұлы Э.Карузо, Ф.Шаляпин, Л.Собинов, Мария Каллас, Беньямино, П.Доминго, Н.Гяуров тәрізді ұлы әншілердің орындаушылық шеберліктері опера өнерінің күмбезді биікке көтерілуіне бір-бір берік баспалдақ болды. Сол ұлы өнер қазақ сахнасына да еркін еніп, жатсынбай көтерілді. Өйткені бұл өлке ән мен әншіліктің өзіне тән мектебін қалыптастырған жаңа сипаттағы ән өнерін жатсынбайтын орта еді.

Біз осынау өнер жолына ой көзін жүгіртер болсақ, қотанын шаң күреген қаға берістегі шағын қазақ ауылы Сүгірбай төңірегінде Еркін Біржанов тәрізді әншінің туа қалуына таң қаласың. Қолына домбыра ұстап, ән айтатын өнерпазы да

жоқ ауыл қотанында жалаң аяқ жар кешкен Еркіннің өн өнеріне ерекше ден қойып, ықылас білдіруін феномендік құбылыс демеске лажың жоқ. Әншілік өнерге баулыған да, баптаған да ұстазы болмаса да орындаушылық шеберлікті қапысыз менгерген Еркін облыс сахнасының мақтанышына айналып еді.

Табиғат осыншалықты мол мырзалықпен сыйға берген мөддір, таза, тегеурінді, қуатты, майда мақпал үн, әуез, әуен Еркін талантының қос қанатындай биікке көтеріп әкетті. Әр өннің өзіндік ішкі-тысқы сыр-сипатын тап басып танымасан, оны барынша құлпыртып, келісті етіп орындау мүмкін емес. Еркін орындаушылық шеберлікке келгенде, осы бір сырлы құпияның кілтін тапқандай еді. Оның орындауындағы күрескер Мәдидің “Қаракесегін” бей-жай, сыбай-салтаң отырып тындау күпірлік болатын. Өйткені өннің өн бойындағы қаһармандық, қайраты мол күрескерлік пен өксік аралас ашу-ыза буынып, буырқанып келіп көкірек теуіп, тысқа шыққанда өзін де Мәдидің кекке, күреске шақырған ызадан от алып, ерекше мазасыз халге ауысасың, әншінің жан дүниесін билеген тепсінген топанды сезімге басы бүтін беріліп кетесің.

Еркін әнші ретінде, әнді орындаушы ретінде осындай ерекше оқшаулы сипаттарға ден қоятын. Немесе оның орындауындағы Жаяу Мұсаның “Ақсисасын” алыңыз. Мұнда “Қаракесектегідей” құлашын кеңге сілтейтін еңселі биіктік, мольнан пішілген кеңістік жоқ. Мұнда Жаяу Мұсаның ызалы ашуын шапшаң әрекет, шалт қимыл үстінде берілген, яғни соның сондайлық сипатын суреттейтін ерен екпінге толы тепсініс тегеурінін танытар отты ырғақ басым. Бұл орайда да Еркін өзіне төн толқыныс үстінде Жаяу Мұса мінезін деп басып таныған тұрпатта болатын. Соңғы кезде ол Тыныштық Шәмшенұлының Көкшетау туралы өнін айтып жүрді. Кең

тынысты ғажап ән деп жүргені есте.

Жалпы Еркін Біржанов орындаушылық өнердің үстінде кез келген әнге қызығушылық тудырып, ұрына бермейтін. Ол ең алдымен әндік сипатқа, оның мінезіне барлау жасайтын. Өз талғамына сай келетін әндерді ғана таңдап алатын. Жобасы ол өз үн, әуен қуатын танып білуімен бірге, сол қасиетті толық игерген, орындауға келгенде сол қуат қабілетін жұмсай алатын өнерпаз болатын. Әнші үшін үн – басты құрал десек, сол құралды қалағанынша, керегінше қолдана білетін нақ шебердің өзі еді Еркін. Сондықтан да, ол кейбір шолтаңбай әншілердей мен бөленбай жүз әнді орындай алатын қабілетім бар деп кеудемсоқтанбайтын.

Әнді талдау, таңдау, талғау дейтін әдемі ұғым тек Еркін тәрізді әдемі әншілерге ғана тән болса керек.

Оның орындауындағы Кәжібек Күмісбековтің “Менің Қазақстаным”, болмаса Қасым Аманжоловтың өлеңіне жазылған Темір Тайбековтың “Жас дәурен” әндері патриоттық сезімге бөлейтін асқақ пафосымен немесе жастықтың қадір-қасиетін соншалықты мәлдірете төгіп тастап “жас дәурен, ризамын мен саған!” деп қайырмалай қайталау үстінде “Уа, шіркін” деп тамсантар күймен күйіндіріп сүйіндірер сәттер әлі есімізде ескіре қойған жоқ. Орыс романсы “Гори, гори, моя звезда” да Еркін терең тебіреніс үстінде орындаушы еді ғой.

Еркіннің тынысын кенейтіп, бар дауысымен шырқатып салар аумағы Сүгірбайдың қаңбақ кезген сары даласы болса, сахнасы іші май, сырты шаң бұрқыраған жүк автомашинасының кабинасы болды. Осындай тым қолайсыздықта Құдай берген даусын мәпелеп күтер мүмкіндігі болмай жүрсе де табиғат сыйлаған сұлу даусына кінәрат түсірмей сақтай білгеніне таң қаласыз. Ол тұста облыс шеңберінде өнер көрсету керек болса, немесе шет елге өнер

сапарына аттану қажет болса, қойшыны отар басына, бишіні суынышылар арасынан, шоферді автокөлік ішінен суырып алып, сахнаға алып шыға беретін. Бабың қалай, от басың, ошақ қасында қарсылық жоқ па деп ешкім де сұрамайтын.

Еркін де май-май комбинзонын сахнаға шығар бір киеріне лламастырып аттана беретін. Бәйбішесі Қайыржамал “Құдай салды, біз көндік” деп бес-алты баласын бағып қала беретін үйде. Қабақ қақпай, кемпір-шалды коса тәрбиелеген ол іркінінің қашан ораларын іштей сағына санап, талай түнді сарғайған сағынышпен өткергені бір Аллаға, сосын өзіне ғана мәлім. Қажырлы жар Қайыржамалдай-ақ болсын!

Еркін от басымен Көкшетау қаласына қоныс аударды. Әрине, тым кештеу келді бұл ортаға. Кезінде кемпір-шад балашаға деп үй, ауыл төңірегінен ұзамаған ол Алматыға шақырғанда да бара алмады. Біз “Шіркін, Еркін-ай, Алматыға барып консерваторияны бітіргенінде, Ермек ағаңмен қапталдас шығатын едің-ау” деген ақ сөзімізді жиі айтушы едік. Сонда ол “Өзім оқи алмасам да қос ұлым Сәкен мен Дәуренімді консерваторияда оқыттым. Қазір екеуі де жақсы сазгерлер” деп шүкіршілік білдіретін. Онысы рас та ғой. Екі перзенті де саусақтарынан саз сорғалаған ғажап күйшілер. Ел танып, жер танып, бір шеті Америкаға дейін өнер көрсетіп келіп жүр. Әке арманының жүзеге асқан бір көрінісі осындай. Еркін бізбен бір жылдың төлі еді. Жыл басталысымен “Әй, жүгірмектер, туған күнім келіп қалыпты. Біздің үйден шайпай ішіп кетіндер, менің 7-8 ай үлкендігім бар ағаларыңмын ғой” деп риясыз қарқылдай күліп тұратын еді-ау, жарықтық. Бізбен ендігі күнде кім сөйтіп еркелеп тұрар дейсің.

Филармония, мәдениет басқармасындағылар Еркін Біржановқа жағдай жасамады демейміз, бірақ қиянаттары да аз болмады. 63-ке толысымен “зейнеткерсің” деп жұмысынан босатты. Еркіндей ғажап дауысты әншіні зейнеткерсің деп

сыртқа тебүді өнерге, өнерпазға көрсетілген қамқорлық дей алмаймыз. Оның үстіне Еркін Біржановтай әнші далада жатқан жоқ, әрі жылда туа да бермейді емес пе?! Ақмола аймағында Еркіндей мақпал баритонды әншіні әлі күнге кезіктіре алмай келеміз.

Күні ертең билік басындағылар орта жолда Құдайдың ажалы жетіп өліп қалмаса, зейнеткер атанбас па? Соны неге ойланбасқа! Әлде мәңгі билік басында бишік сілтеп отыра береміз дей ме екен?!.

Еркін зейнеткерлікке шыққанмен кейін үйге де, түзге де сыймай жүрген сынайда еді. Филармониясына думанды ортасын аңсап баратын. Бірақ ол арада құрақ ұшып қарсы алғандар бола қоймайтын.

Әрине, бұл Еркін үшін ет жүрегін жаралаған үлкен трагедия еді. Бірақ оны жақын жүрген біз болмасақ, терең түсінгендер бола қоймады-ау дейміз. Өнер иесі өмірдің өзіне тосыннан ұсынған өгей қылығын көтере алмай, тым ерте үзілді.

Көгілдір Көкшетауын ғажап әндерімен әлдилей тербеткен серінің сертке таққан семсеріндей өнерпаз Еркін Біржановтың қырық жылдан астамғы әншілік қызметін ой көзімен көктей өткендегі қысқа қайырым сөзіміз осы еді. Музыка маманы болмағандықтан, ән өнері, әншілік өнері хақында терең бойлап бара алмасақ та Еркіннің қапысыз әншілігін туған елі мойындап болғандықтан, біз де көңілдегі көктемге бергісіз ойымызды ортаға салдық.

Төлеген ҚАЗЫБАЙ,
ҚР еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, жазушы,
Қуанышбек РЫМЖАНОВ,
Сапан ЖАПАРОВ.

АҚЖАРҚЫН, АҢҚЫЛДАҒАН ЖАН ЕДІ

1972 жылдың күзі. Әскери борышты атқарып, Зеренді аудандық “Заря коммунизма” газетінің ауыл шаруашылық бөлімінде қызмет істеп жүрген кезім. Күн өткен сайын кәсіби білімнің қажеттігі біліне беретін де, редакторға өзіміздің Шағалалы селосындағы сол жылдары ашылған техникумға сырттай оқуға түскім келетінімді айттым. Ол кісі құптап, бірден келісімін берді.

Сөйтіп, көп ұзамай, аталмыш оқу орнының шәкірті боп шыға келдік. Қабылданғандарға студенттік билет, сынақ кітапшасын тапсыру салтанаты ол кезде аса кеңінен тойланатын Қазан революциясы күнінің мерекесіне дәп келді. Мортелі жиналыс техникумның спорт залында өтті. Иін тірескен халық данғарадай ғимаратқа сыймайды, іштей оқитын кілең өрімдей қыз-жігіттер де, бала-шағаларымен келген ұстаздар да, село халқының өкілдері де, шақырылған қонақтар да осы жерде бас қосыпты. Дәстүрлі баяндама, жалаулатып сойлеушілер, марапаттау сияқты жиналыстың ресми бөлігі аяқталғаннан кейін шараны ұйымдастырушылардың серкесі болу керек – мерекелік концерт болатынын хабарлады.

Бұл жиналғандар тағатсыздана күтетін сәт қой, ол да басталып кетті. Жезтаңдай әнші дейсің бе, тал шыбықтай бұралған биші дейсің бе, аудан деңгейін тамсандырып жүрген ікше түрлі жергілікті сахна майталмандары өнерлерін ортаға салып жатыр. Техникум басшылығы да риза, көрермендер одан бетер тәнті. Бір кезде концерт жүргізуші: “Сахнаға агрономдық бөлімге жақында ғана түскен Еркін Біржановты шақырамыз. Оның орындауында “Бухенвальдский набат” өнін тындайсыздар”, – деп хабарлады. Сахнаның оң қапталынан тыпал бойлы, төртпақ келген, көмірдей қара, толқындаған ұзын өрі қою шашы бар жігіт көрінді. Ірі басын кішігірім шөмеледей жаба, иығына төгілген қалың да қайратты шаш келісті көрініс

тауып, алдымызға арыстан шыққандай әсер алып қалдық. Соңынан ілесе шыққан баян ұстаған жігіт екеуі сахнаның ортасына жетіп тоқтаған кезде, сол жақтан ұмтылған концерт жүргізуші қолындағы микрофонын ұсына берді. Бірақ жігіт оған қажет емес дегендей ишара танытты да, сүйемелдеушіге сәл неқ қақты. “Мұнысы несі, мынадай үлкен залда микрофонсыз қиын болады-ау” деп қипақтап біз отырмыз. Бұл әрине, оған іш тартқандығымыздан, өйткені осының алдында ғана емтихан тапсырып жүргенімізде әжептәуір танысып-білісіп қалғанбыз.

“Бухенвальдский набат” сол кезде жаңа шыққан, көпшіліктің аузынан түспей жүрген өте танымал әндердің бірі болатын. Екінші дүниежүзілік сұрапыл соғыста неміс фашизмін талқан еткен ұлы Жеңістің ширек ғасырлық мерекесіне арналған тамаша патриоттық әндердің туған кезені еді ол жылдар. Сырнайшының кіріспесінен кейін “Люди мира, на минуту встаньте!” деп бастап кеп кетсін Еркін, Құдай-ау, нәткен қуатты дауыс, алапат диапазон! Күркіреген күндей, я болмаса зеңбіректер батареясының бір мезеттегі оқ атысындай арқырағанда сілтідей тынған залдың ауасы жарылып кетер ме дерсің. Қанша кең, зәулім болса да күдіретті дауыстың тегеуріні мына ғимараттың еңсесін төнкеріп кетердей әсер баурап барады бәрімізді. Онсыз да керемет патриоттық, пафостық рухта жазылған өлеңнің жанынды қоярға жер тапқызбайтын солқылдатқан ырғағы мынадай орындаушысына кезіккенде тіпті көкірек саңлауы тар адамның өзі байыз таппай қалады екен. Оны айналамыздағы жастардың да, бірен-саран қарттардың да кейпінен байқап отырмыз. Ән де орындалып біте бере, оның соңғы аккордтары сатырлаған қол шапалақтауға көміліп кетті. Риза болған, айызы қанған, таңданыстан есін жия алмаған, айғайға басқан халық алақанын аяп жатқан жоқ. Араның ұясындай дуыл мен шуылдың

ирысынан арагiдiк ысқырық, “бис, bravo” деген әупiрiмдер естiлiп қояды. Қошемет ұзаққа созылды. Содан кейiн Еркiн “Хотят ли русские войны?” деген әндi орындады, бұл да алдыңғы тақыметтес өлең ғой, ғажап әсерлi шықты.

Мен әскерден келген жылы Халық әртiсi, елдiң сүйiктiсi, өлкемге әйгiлi Ермек Серкебаевтың 45 жылдығы республикада кеңiнен аталған-ды, ол кiсi облыстарды аралап, мындаған тыңдармандарының алдында шығармашылық есеп берген болатын. Үлкен өнер иесi бiр сапарында ол кездегi бiздiң аудан орталығы болған Арықбалыққа келiп, сол маңайдың аз қазағы кездесу болатын күнi тайлы-тұяғымызбен мәдениет үйiнен табылғамыз. Сондағы концерттен, Ермек ағамыздың атақты баритонынан алған әсерiмiз өмiрiнде мұндай дауысты бiрiншi рет естiген ауыл баласы, бiз үшiн ғұмыр бойы сақталар-ау десем, қателеспеспiн. Мына жолғы Еркiннiң өнерiне түшiнiңанымыз да, табиғат берген дарынынан түйгенiмiз, синамызға сiңiргенiмiз де сол деңгейлес болды десем, артық пiтқандық емес.

Оқу басталысымен Ерекенмен мүлде жақындасып кеттiк, бiр партада (үстел ғой, әрине) қатар отырдық, жатақханада қатар жаттық. Жас алшақтығымыз әжептәуiр болғанымен, көп ұзамай, кәдiмгi қазекем айтатындай, күпiнiң iшкi бауындай достарға айналдық. Ол Чкалов ауданындағы туған Талдықөлiнде шопыр болып iстейдi екен, бiрақ Жасағанның өзi сыйлаған ерекше дауыстың, әншiлiк таланттың арқасында сахна өнерi саласындағы шараларға жиi тартылатын болған. Аудан көлемiн қойып, облыстың намысын қорғау мәселесi туындағанда мәдениет iсiн басқаратындар, тiптi облыс билiгiн ұстағандардың өзi Еркiннiң есiмiн алдымен ауызға алатын. Талай өнер додасына Көкше атынан түсiп, небiр шоктықты жүделердi қанжығасына байлап жүрдi, “Республикаға еңбегi сiңген мәдениет қызметкерi” деген жоғары атаққа ие болды.

Көптің өңі түгіл, түсіне де кіре бермейтін Кремль сарайының сахнасында ән шырқаған Талдықөлдің тапал тарланы со жолы көрермен болып отырған Жер шары құрлығының алтыдан бір бөлігін алатын алып империя халықтарының өкілдерін тамсантты, бойындағы өнер күдіретіне бас идірді.

Өзінің айтуынша, осы агрономдық білімнің оған пәлендей қажеті де жоқ екен, жаны қалаған шопырлық кәсібімен-ақ жүре беруші еді, бірақ облыстық партия комитетінің хатшысы “оқып, диплом алғанның артықтығы жоқ, басқа өңірлерге, шетелдерге шығасың, дәреженің жоғары болғаны өзіңе де, елімізге де абырой” деп, қолқалап қоймаса керек. Сол себепті мектеп бітіргелі көп уақыт өтіп, қарайып қалса да, үлкендердің сөзін сыйлаған көрінеді. Қарайып қалған дегеннен шығады – осыған байланысты талай анекдотқа бергісіз жағдайларға куә болғанымыз бар, кейін оларды еске түсіргенде Ерекен өзімізбен бірге қосылып, қыран-топан күлкіге батпшы едік.

Сондай жағдайлардың ең алғашқысы химия сабағынан қабылдау емтиханын тапсырып жатқанда болғаны есімде. Булахов деген мұғалім жауап беруге шыққан Еркіннен ананы сұрап, мынаны сұрап, ең оңай деген сауалдарға нақты жауап ала алмай біраз дінкелеген соң (өйткені мұны қайткенде “алып шығу керек”, жоғарғы жақтың қатаң тапсырмасы солай болған), шаршады ғой деймін: “Жарайды, енді фосфор қышқылының формуласын жазып беріңізші”, – деді. Деді де, тақта алдында тұрған Еркіннің қасынан жанай жүрген болып, “ H_2PO_4 ” деп өзі сыбыр етіпті – көмектескені ғой. Ерекен болса, бормен тактаға “Аш два пе о четьре” деп, кәдімгі үйіне хат жазғандай тізе жөнелсін. Не күлжімізді, не қой дерімізді білмей біз отырмыз. Мұғалімнің де әбден шарасы таусылған болу керек, мырс етті де “Вообще-то, правильно, но только надо изобразить по-латински” деп, сынақ қағазына семіз “үшті” қайқайтып берді.

Оқу оған, әрине, қиынға соқты, содан болар, бірінші семестрден кейін ол мүлде келмей қойды да, ақыры тастап кетті. Онысына және әсте өкінген жоқ... “Рожденный ползать — лкзть не может” деп, кеңкілдеп тұрып күлетін. Мұнысы бйындағы тек өзіндік дара қасиетті терең сезінуі, дұрысы — сол қасиеті арқылы ғана маңайына ізгілік шуақ шаша алатындығын түсінуі еді. Шынында да, ауыл шаруашылығының бір агрономға көбейгенінен, өнер деген асқақ саланың өзі үшін бір қайталанбас өкілін сақтап қалуы қоғамға алағұрлым пайдалырақ болған тәрізді.

Кейін Еркін отбасымен Көкшетауға көшіп келіп, біздің шағын ауданнан пәтер алды. Араластығымыз одан бетер жиі болды. Талай той-томалақтарда, қызық-думандарда дистархандас болдық. Ондайда жұрттың көбіне ынтық болатыны, әлбетте, Еркіннің әнін есту ғой. Ол ешқашан бірден келісе кетпейтін: не сүйемелдейтін музыка аспабының жоқтығын сыптауратып, не отырған жердің тынысы тарлығын желеу ғып, әйтеуір, ән туындауына себепкер болатын. Сөйтіп жұрт өзді-өзі бу-ду болып жатқанда кенеттен күркіреген даусымен бір әнді жай түскендей бастап кеп жіберуші еді. Менің байқағаным, алғашқы өлеңі көбінесе Жаяу Мұсаның “Ақ сисасы” болатын, бәлкім, дауысын ашып алуға, тиісті қалпына келтіруге оңтайлы ән болды ма, немесе жан дүниесіне аса жақын шығарма ма, кім білсін. Содан кейін телегей-теңіз көсілуші еді ғой! Әлден уақытта қазақтың классикасына орыс ондері араласа бастайды. Шіркін, Ерекеннің орындауындағы сол өндер қалай шығушы еді, орыс әншілерінің өздерінің қолынан келмейтіндей қалай бар табиғаты ашылушы еді! Бұл әнді бөлек әңгіме...

Еркін менің жұмысыма да жиі келіп жүретін. Қабылдау болмесінен алдымен оның өзіне ғана тән күркіреген тамақ қырнауы естіліп, содан іле-шала есік ашылады да, дудар шапты

басы көрінеді, сосын домаланып өзі кіріп келе жатады. Кей уақытта жорта байсалды кейіпке кіре қалатын да: “Ты, что народный, что ли?” деп, басқаға ұқсамас баритонымен шағын бөлмені жарып жіберердей тітірететін. Содан нелер қызық әңгімелердің тиегі ағытылушы еді. Еркін неше түрлі мақал-мәтелдерді, қағытпаларды, тосыннан ұйқастырылған сөз тіркестерін көп білетін және оларды әңгімесінің ұрымтал жерлеріне кіріктіріп отыратын, тілгі талай рет бұдан бұрын жұрттан естімеген баталардың да соның аузынан шыққанына таң қалғанбыз. Былайда тым қарапайым көрінгенімен, ол нағыз творчество адамы еді ғой.

Еркіннің ендігі бір есте қалған ерекше мінезі – оның ешкімге қатты сөз айтпайтындығы, дөңайбат көрсетпейтіндігі, сырттан ғайбаттау дегенді білмейтіндігі, жан баласына жамандық ойламайтындығы. Содан да болар, онымен аз ғана араласқан, біліскен адамның өзі ол туралы тек оң пікірде қалушы еді, оның өзіне тек жақсылық тілегісі кеп тұратын. Үлкенмен үлкен, жаспен жас бола білу де Ерекеннің табиғатына айрықша тән қасиет еді. “Осы сен пайғамбар жасынан ассаң да, жиырма бесіндегі жындылықты қалай сақтағансың?” деп біздер жиі қалжыңдайтынбыз. Шын мәнінде, өте ақжарқын, көдімгі аузын апса, жүрегі көрінетін дейтіндей, аңкылдаған жан еді Еркін. Содан да шығар, ол өзімен тірісінде жақын болғандарды сағындырып жүргені хақ.

**Ғосман ТӨЛЕҒҰЛ,
Ақмола облысы тілдерді дамыту
басқармасының бастығы,
Мәдениет қайраткері.**

ПРОЩАЛЬНОЕ СЛОВО О ТОВАРИЩЕ

В одной песне поется: «Друзья уходят как-то невзначай»... К этим трагическим строкам я бы добавил: когда друзья уходят, то и мир вокруг тебя пустеет.

Только что проводили в последний путь Еркина (Омаровича Биржанова. И выпало из моей жизни какое-то кино. Чувствую, что звено то, не простое, не лишнее. А что-то очень личное и дорогое, что притягивало к другому звену и удерживало связь моего поколения. Мы с Еркином – одноклассники. В одно время жили рядом – выходцы из одного района. Не скажу, что мы были друзья – не разлей вода. Нет. Но его близость и незаменимость ощущал всегда. И особенно это чувство екнуло где-то глубоко внутри где-то сейчас, когда наша внешне невидимая особая связь создавала в разорванной на куски стране устойчивость между мусульманами и славянами. Биржанов не один в этой цепи. Нас миллионы. Но даже в этом огромном море человеческих судеб разных национальностей, когда теряешь такого человека, то становится больно, что теперь на миллионную дольку эта связь может стать слабее. А он, к тому же, принадлежал как раз к самой сильной части тех звеньев. В силу своей крепости и надежности, Еркин Омарович как раз был тем, кто скреплял межнациональные отношения. Я почувствовал это с особой остротой на траурной процессии с этим незаурядным человеком. Люди в прощальных речах не касались этой темы. Но по их глазам, по выражению сотен лиц, пришедших проститься и проводить в последний путь гения народного творчества, этого самородка, было видно, что они, как и я, почувствовали, что что-то качнулось в душе каждого, по другому забились сердца, кто исповедует тот же идеал сближения и дружбы разных народов.

Говорю так потому, что вспоминая его репертуар за

последние четыре десятилетия, вряд ли возможно вспомнить, чтобы его бархатный баритон когда-либо, даже в узкой дружеской компании, спел что-то непристойное, что противоречило бы духу той самой толерантности. Не говоря о больших эстрадных подмостках страны. Никогда.

На траурном митинге рядом со мной стояла бывшая заведующая Чкаловским районным отделом культуры Галина Ивановна Курилякко. Стояли молча, грустно. И вдруг она, наклонившись. Произнесла: «Помнишь, как он в отделении совхоза ездил на выдавшим виды грузовике без стекол и постоянно пел». Эти слова всколыхнули целую волну воспоминаний.

В середине шестидесятых, будучи секретарем райкома комсомола райком партии, меня утвердил руководителем молодежной агиткультбригады, которая создавалась для обслуживания участников уборочной страды. С чего начинать? И вот Галина Ивановна успокоила: «В ДК есть хорошо поющие две девочки. Сам потрудись проводить короткие политинформации. А парня – солиста найдем. Это слово «найдем» вылилось в такую историю. В отделе культуры уже знали, что в отделении совхоза «Сугурбайский» есть хорошо поющий парень. Командир дивизии, за хорошее пение, его даже поощрял солдатским отпуском. Когда приехали в отделение и спросили: «Как найти поющего парня?», местные посоветовали замолчать и в тишине подождать. Через минут десять действительно послышалась раскатистая, хотя и приглушенная расстоянием мелодия. Показалось, что включили радио и на столбе запел висящий колокол-динамик. Но странное дело, звук песни с каждой минутой нарастал. Потом, окутанный клубом пыли голос оказался совсем рядом и тут же замолчал. Скрипнула дверка

кабины и оттуда вышел невысокого роста, улыбающийся молодой человек. Это и был Е.Биржанов...

Теперь, по прошествии много лет можно с гордостью сказать: те минуты, которые ушли на то, чтобы гонцам убедить Еркина войти в состав агиткультбригады, как раз и стали для него взлетом или началом полета в большое искусство, которое стало настоящим песенным творчеством Еркина Омаровича.

Говорят: талант всегда пробьет себе дорогу. Возможно и так. Наверняка Е.Биржанов нашел бы ее так же, возможно более легкой, удачной. Но она сложилась на наше всех счастье, такой, как он ее прожил – среди нас и вместе с нами. А это уже наше счастье – слушать такой Божий дар. И он не смел поменять родные края и своих слушателей на более престижные столичные подмостки. Хотя знаю, что ему неоднократно предлагали переехать в столицу Алматы. Он остался верным не только своим слушателям до конца, но и оставался преданным своей родной земле Кокшетау. Он был напроочь лишен качеств самолюбования, гордыни и тем более карьеризма.

За несколько лет агитбригадой мы объехали, и даже не по одному разу, все колхозы и совхозы, где выращивали зерновые. Побывали во всех отделениях, полевых станах и даже во многих бригадах. Я, как сейчас помню, с какой теплотой везде встречали его зрители. Бывало по 5-10 минут не отпускали механизаторы, отбивая ладонями аплодисменты, вызывая на «бис», пока еще чего-нибудь не спел. И Еркина пел. Пел во всю силу своего голоса и таланта. Были даже нередки повторные приглашения, посетить то или иное хозяйство или бригаду. А потом, в 1967 году в районном ДК проходил праздничный концерт, посвященный 50-летию Октябрьской революции. Кто того не знает – скажу: то был

самый большой и торжественный праздник при Советской власти. Так что и тот концерт не был рядовым.

Тогда у Еркина уже был обширный репертуар. Он мог давать сольный концерт до двух часов. Однако его как бы визитной карточкой были тогда три песни: «Если бы парни всей земли», «Помните», «Парни, парни – в этом наша сила, чтобы Землю от пожара уберечь...». Потом он пел «Бухенвальдский набат», «Люди мира на минуту встаньте, слушайте, слушайте гремит со всех сторон. Это раздается в Бухенвальде колокольный звон...». Как правило, программу завершал он, Еркина Биржанов, песней «Хотят ли русские войны?». Там есть такие слова: «Хотят ли русские войны, спросите вы у тишины. Спросите вы у матерей, и у берез и тополей... И тогда понять должны, котят ли русские войны»...

Когда он выходил на сцену для исполнения этой песни, он занимал позу, напоминающую фигуру Солдата-освободителя, вскидывал кверху немного голову, сжимал кулаки и брал первые ноты, то в этот момент зал, как по мановению волшебной палочки вставал и наступала звенящая тишина. Многие, не выдерживая той силы воздействия, доставали платочки и плакали. Ибо то была не простая песня. То со сцены несся новый Гимн нашей миролюбивой политике, братству и несокрушимости. С этими песнями он прошел всю жизнь. А как задушевно он пел украинскую «Взяв бы я бандуру». А какой залихватской была «Коробейники». Я уже не говорю о его родных, казахских песнях. Когда их пел Еркина, то знание его родного языка было не обязательно. Их и так каждый понимал душой и сердцем. Своим талантом и щедростью он постоянно нес в массы доброе, счастливое, вечное. Он только тем и занимался, что сеял взаимоуважение и любовь среди людей.

А мы из этого посева пожинали дружбу, интернационализм. Слушая, его в такие минуты каждый понимал, что большой талант произрастает из самих недр народа. Его невозможно посеять и вырастить. Он дается свыше Всевышним. Еркина Омарович не потерял, не расплескал бездарно этот волшебный божественный родник где попало. А он его всю жизнь нес, лелеял и дарил при первой возможности людям. И все мы бесконечно ему за это благодарны.

Мы жили с ним в одном веке. А потом ветрами безумия нас задуло в другую эпоху. Мы оказались во времени, где больше стал в цене блат, кумовство. Чем истинный талант. Как он все это воспринял – не знаю, хотя и встречались не редко, но об этом не говорил. А каждый раз при встрече, мы обнявшись, тихо для себя начинали первую попавшуюся на память песню нашей молодости. Продолжалось это всегда не долго. Но мы от того пусть и минутного пения получали истинное наслаждение. Мы хоть на секунды или минуты, но вырывались из стихии все уничтожающей попсы, в которой нет ни души, ни мелодии, ни сердца, ни совести. Мне представляется, что именно это ускорило его уход из жизни. Не может человек, всю жизнь несший свет и добро в души людей, мириться с тем, как на его глазах разрушается этот его, наш бывший добрый мир. А на его смену вторгается пошлость, гниль, разврат и никому нет до этого дела. Вероятно. Потому его стали сначала редко, а потом и вовсе перестали приглашать на выступления со своими песнями. Добрыми, прекрасными, одухотворенными песнями. И он, не имея для того сил – он учился петь, а не бороться – замолчал. Навсегда.

Прости нас Великий сын земли Кокшетауской, друг и товарищ, что не сумели вовремя разглядеть и почувствовать тонкость твоей души. Великий талант оценили. А вот

хрупкость и ранимость души, которыми дано и только высоко одаренным личностям, разглядеть их смогли, но сумели. И ты отломился от жизни. Но твои песни, твой завораживающий голос всегда будет звучать в наших сердцах и душах. А это и будет лучшим памятником, который может человек оставить о себе. Бесконечно грустно и жаль, что тебе не дали допеть свои песни до конца. А такие утраты — они не восполнимы. Прыгающих под фанеру «одаренных» сейчас много. В будущем их будет еще больше. А вот Еркин Биржанов был один, как изумруд среди песка. И мы потеряли его навсегда. Прости! Прощай Дорогой Товарищ и Друг, коллега и просто замечательный Человек. С твоим уходом таких становится еще меньше. Горько, грустно и обидно будет нам жить без твоих прекрасных песен!

Виктор ТЕРЕЩУК.

ЕРКІН АҒА ЖӨНІНДЕ ЕСТЕЛІК

Мен Сәдуақасов Төкен Күшенұлы 1947 жылы Көкшетау облысы Чкалов ауданы Талдықөл ауылында (ескі үкімет рәсімімен кірмеген аты “Серек”) дүниеге келіп, Еркін ағаның соңынан ерген інісі болып өстім. Жасымыздың арасы алшақ болса да ауыл шағын болғандықтан да ауыл балалары аралас өстік. Елде сол уақытта бастауыш сынып қана болғандықтан, мен есімді біліп мектепке барғанымызда, Еркін ағам Чкалов орта мектебінде, аудан орталығында оқитын. Сенбі, жексенбі және демалыста елге келгенде бізді қуантып, неше түрлі фонариктер, батарейкалы ойыншық пистолеттер әкеліп сыйлайтын. Ондайда таласып, ағаның келер жолын тосып, кезекке тұратынбыз. Интернатта оқитындықтан, аудан өмірінен қызық оқиғалар айтып “Қала” деп аталатын Чкаловты сипаттайтын. Жоғарғы сыныптағы оқудың қиындығы бір өңгіме болатын. Ол кезде елде орысша сөйлеу деген жоқ (олар мүлде болмаған).

Сондықтан Еркін ағамның сол кездің өзінде бізге орысша неше түрлі сұрақ, жұмбақтары тамаша өнер болатын. Мәселен “что такое?” деген сөзге шегіміз қатып күліп қайталай беретінбіз. Әсіресе неше алуан кинолар, шпиондар мен милиционерлер, барлаушылар мен соғыс киносының батырлары жөніндегі өңгімелері қызықтыратын. Жақсыдан шапағат демекші, сол кезден мен милиционер болуды армандайтынмын. Ақыры 1969 жылы әскер қатарынан үйге оралысымен ішкі істер органына қызметке кіріп, өз ауданымызда 30 жыл қызмет атқарып, зейнетке шықтым. Өз қалауыма өкінбеймін. Ескі “Серек” атты Талдықөл ауылы қалың орманның ығында орналасқан болатын. Жаз бойы сол ағаш арасында бірнеше күрке орнатып әр үйден жинаған тағамдарымызды ішіп-жеп мәз болатынбыз. Әрине,

тағамдар үйлерден рұқсатсыз жиналатын. Әсіресе күрт, ірімшік, май, жұмыртқа, тұздалған ет. Ошри Еркін игайды “Атаман” атайтынбыз. Ол кісінің айтқанын екі қылу болмайтын. Еркін ағаның құрдастары Қиқибасев Аязбай, Қадырбаев Серік деген ағаларымыз балаларға ириласып ойнамайтын. Ол кісілер бізге ересек көрінетін. Ал Еркін ағамыз өзімізбен балаша ойнайтын. Содан көп кешікпей елді қазіргі мекені, бұрынғы фермаға қосып көшіріп, жаңа Талдықөл болды. Ауылымыз үлкейіп “Құлан су”, “Көдір”, “Бөсентиін”, “Дөңке”, “Қарауыл”, “Қаракесек”, “Баба”, “Түйғын”, “Қырғыз”, “Тоқтамыс”, “Төтекендер”, “Қыпшақ”, “Қожа”, барлығы кейіннен Алтайлармен Монғолиядан келген аталар қосылып 16 атаны құрады. Елдің татулығы мен бірлігін айтып мақтануға болады. Еркін аға әскерге барып, Ресейдің “Североморск” қаласында қызмет еткені менің жақсы есімде. Хат жазысып, үзбей ауыл тынысынан хабардар етіп тұратындықтан ол мені “разветчик” деп атап, мақтайтын.

Еркін аға әскер қатарына барғанша әнді домбыраға қосып айтып, Әмірсенің өуеніне салатын. Сол шақта өте жіңішке әдемі дауыспен өлең айтып, жұртты аузына қарататын. Әскерден келгеннен кейін Ермек Серкебаевтың даусына салып ән шырқап, “Бухенвальдский набат” өлеңін өте жоғары дауыспен айтатын. Өнерін өзі шындап қажымай, шаршамай, айқайлап, репетиция жасай беретін. Өзін өзі өрге сүйреп аудан, облыс көлемінде танылып болды. Ақыры республика Югославия, Румыния, Венгрия көлеміне шығып, танымал өнерпаз болып ел мақтанышына айналды. Әсіресе өнерін Мәскеу төріне шығарып, Съездер сарайында шырқауы бізге өшпес өнеге, данқ, мерей болды. Өз басым қызмет бабымен Қазақстанның қай өңірінде болмасын әсіресе Павлодар, Қарағанды милиция оқу орындарында

ағаның есімі мен өнерін мақтан ететінмін. Әсіресе 1982 жылы, “Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері” атағы беріліп, сол атақтың бізде жаңа ашылған аудандық мәдениет үйінің ашылу салтанатымен қоса рәсімделгені есімнен кетпес. Сол рәсімдегі айналған гимн, жиналған ауданның зиялы қауымының шапалағы әлі есімде. Сол бір сәттер қазірде спорттың дүние жүзілік чемпионатының олимпиадалық жеңімпаздарының рәсімдері сол шақтардан өсер етеді. Сол шақтағы көзден бұршақтаған қуаныш жастары ешқашан Еркін ағаның өзіндей ұмыт болмас деймін. Еркін аға Мәскеуге барған сапарын әңгіме еткенде, әсіресе өзімен бірге еріп барған Нұрлан ағай жөнінде сұрағанымызда қызық әңгіме айтты Еркін ағамыз ертеде облыс көлемінде өнер жолында еріп жүретін қазірде жасы 75-тен асқан Қадірбеков Нұрлан деген ағайымыз Еркін ағамның жүр дегеніне қалмай Мәскеуге еріп барады. Мәскеуге барған жерде делегацияны басқарып барған облыстық совпрофтың төрағасы В.Косарев Нұрлан ағамды Съездер сарайына кіргізу тізіміне қоспай, пропуск жаздырмайды. Мейманханада Еркін ағайдың Съезд сарайында репетициясы өткізіліп жатқан, іріктеу байқауларының өтуін тосып жалығып, ақтық сынақ бітісімен ішке кірудің амалын ойлайды. Сарай күзетшілері жібермейді. Білген сөздерін жеткізе алмай амалы таусылғасын, күзетке былай дейді. Қазақстаннан келген әнші Еркін Біржановтың мен “баптаушысы” едім, яғни “тренермін”. Күзеттегілер бұндағылардың бәрі әнші, биші, спортқа еш қатысы жоқтар – дегенді айтыпты. Сонда Нүрекен: «Сіздер мені дұрыс түсінбедіңдер. Мен ауыл клубының меңгерушісімін, осы Еркінді дайындаған мен едім», – депті. Болмаған соң, күзеттегілер В.Косаревке телефон шалып, болған жайды баяндайды да, Косарев

өздеріне еріп келген Нұрлан ағай екені есіне түсіп, жіберуге рұқсат бергізіпті. Сөйтіп Нұрлан ағайда Съездер сарайында болып қайтты. Бұл әңгімеге елде ешкім мән бере қоймайтын, неге десеңіздер, Нұрлан ағай жетпістің ортасынан ауған шағында да әлі де курорт- санаторийден кол үзбеген. Кезінде жылына екі реттен барып тұратын. Жүрген жерінде айтатын қызықты әңгімелері де сол санаторийдің қыр-сыры болады. Ол кісі өзінің жүрген жерінде жоғары лауазымды адамдарды көп танып, өсіресе профессор, полковник шеніндегілермен сұхбаттарын әңгімелеп, өңгімешілдігімен елге танымал жан болғандықтан, Мәскеуде болған оқиға жөнінде мән берілмеген. Алайда Еркін ағаның алпыс жылдық торқалы тойында осы болған жағдайды В.Косарев өз сөзінде растап, Еркін ағаның достықты қастерлеуін сипаттады. Еркін ағамыз намысқой жан болатын, оны аңғарғаным өзі Қаракесек руынан бола тұра сол рудың ұранына айналған Мәди бабамыздың “Қаракесек” әнін өте жақсы орындайтын және де қазіргі таңда ел ұраны болған “Менің Қазақстаным” атты әнді ешкім қайталап айта алмайтындай етіп орындайтын еді. Оны біз өте мақтан тұтатынбыз. Еркін аға Қарағанды облысына барып, еліміздің алашқы ғарышкері Тоқтар Әубәкіровтің торқалы тойына қатысып, “Қаракесек” әнін шырқап, сол елдің ризашылығына бөлжгенін ерекше айтатын. Ғарышкер Тоқтар Әубәкіровтың тойына қатысуына Ақмола облысының күзет басқармасының бастығы, біздің жерлесіміз, полиция полковнигі Жұмабеков Болатқожа Рамазанұлы себепкер болды. Руы Қаракесек болғаннан қарым-қатынастары өте жақын жүрген адам. Жақсының жақсылығын айт нұры тасысын демекші, Еркін ағамның шағын Талдыкөл ауылын елімізге танымал етіп, Көкшетаудың даңқына даңқ қосып, өңіріміздің өнері озық

екіні дәлелдеген жан болғандықтан, қастерлейміз. Әрдайым бісымызды иіп тағзым етіп, келешекке өнеге қыламыз.

Атам қазақ “Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі” деп бекер айтпаған болар. Кезінде ата-анасының жағдайына қарап, өнер оқуын оқи алмай қалған, арманын орындап, өнерге талпынған ұлдары Сәкен мен Дәуренді консерватория бітіртіп, өнер жолына салып берді. Достыққа адал, сыйластыққа берік кісілігі – кішілік деумен өткен Еркін ағаны еске алған сайын оның нұрлы жүзін, асқақтата салған әуенін аңсап сағынамыз.

Қолдан келер амалымыз – жөның жаннатта, төнің рахатта болғай деп дұға қылу.

Қиын екен еске алу жақсынды,
Қуырғандай қайғы мен мұң алшымды.
Біз білмейміз өмір неге тым қысқа,
Сізді ажалдың құшағына тапсырды.

**Естелік несі –
Төкен СӘДУАҚАСОВ,
ішкі істер қызметінің зейнеткері.**

БАУЫР ЕДІ, ДОС ЕДІ

Қою қара шашын сілкіп тастап, микшилдай жұмыс бритон даусымен ән шырқап тұрған Еркін Біржанов бір өңімі бір өңге ауысқан сайын ерекше өсерләнеп, биіктеп түсетіндей. Абайдың “Қаламқасынан” соң Мәдідің “Қаракесегіне” ауысқан тұста айбынды да асқақ оулап ерекше екпінмен ерекшеленіп түседі. Ән мінезін доп басқан өңімі шеберлігі шүбәсіз еді.

Мен Ерекенді туыс өрі дос тұттым. Ол сәгін лайық азамат болатын. Мен басқаратын “Күзет” мекемесінде өтетін мерекелердің үнемі басы-қасында болып, өзінің ағалық кеңесін, достық көмегін беруден жаңылған емес.

Ерекен республикалық деңгейде өткізілген 2006-2007 жылдардағы Наурыз мейрамының Астанада өткен кездерінде өзі тікелей қатысып, ұлттық мерекенің сөнін келтіріп, мәнін арттырды. Осындай кездесулерде Ішкі істер министрінің орынбасарлары К.Өскембаев, М.Шпекбаевтармен танысты. Жоғары лауазым иелері Ерекенді жылы қабылдап, өнеріне төнті болысты. 2007 жылдың маусымында “Үздік мамандық иесі” республикалық конкурс өткіздік. Конкурста Ерекен еліміздің Әнұранын орындап беріп ашқаны есте. Осы байқауда Ақмола облысының командасы I орынды жеңіп алып еді.

2006 жылдың 16 қыркүйегінде Қарқаралы алабында халқымыздың қаһарман перзенті, тұңғыш ғарышкер Тоқтар Оңғарбайұлы Әубәкіровтың туғанына 60 жыл толуы аталып өтілді. Осынау тарихи жиынға Көкшетаудан біздер де қатыстық. Ерекен бірге барды. Бабаларға мекен болған Қарқаралы қойнауында есте қалар кездесулер көп болды.

Осы тойда Ерекен “Қаракесек” әнін шырқады. Меймандар оның өрелі өнеріне қатты сүйсінді. Мәди өңшінің басында болдық, аты аңызға айналған Талғат Бигелдиновпен, Шота

Уәлихановпен, басқа да қайраткерлермен кездесу әсерлері гажап болды. Ресей Федерациясының Омбы облысындағы өз өріптесім Гусаровтың туғанына орай Ерекеңмен бірге барып қайттық. Милиция полковнигі Валерий Гусаров, орынбасары полковник Александр Мецлер Ерекенді зор құрметпен қарсы алды, оның орыс халқы әндерін асқан шеберлікпен орындағанына ерекше сүйсінді. Бұл мен үшін де мақтаныш өрі зор қуаныш болғандығы даусыз.

Ерекең кеңпейілді, ақ көңілді, жомарт жүректі азамат еді. Ешқашан кеуде қақпайтын, қарапайым мінезге өте бай болатын.

Аяулы аға, қадірлі достан мегзілсіз айрылу мен үшін ауыр соққы болды. Есіктен аңқылдаған қалпында кіріп келердей слендеп отырамын. Бірақ тағдыр енді Ерекеңмен жүздесуге жазбаған ғой.

Жаның жөннатта, төнің рахатта болғай, ардақты Еркін аға!
Алла Тағала ұрпақтарыңа баянды ғұмыр бергей!

Болатқожа Рамазанұлы ЖҰМАБЕКОВ,
полиция полковнигі,
облыстық “Күзет” басқармасының бастығы.

КҮРКІРЕГЕН КҮНДЕЙ ЕРКІН ӘНШІ

Қамшының сабындай қысқа, қайран, өмір-ай! Аяусыз ажал ортамыздан Көкшенің асыл азаматы, талантты әнші, Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген мәдениет қайраткері Еркін Біржановты алып кеткелі жылға да толып қалды.

Әлі де «Иран, тоқтай тұр, үйге бірге қайтайық» деп Көкшетаудың орталық көшесінің бірінде дауысын естіп қалатындай елендеймін. Ол Талдықөл дейтін әкемнің нағашы елінен еді, көп жыл ауыл шаруашылығында шопыр болды.

– Мен әндерімді машинаның гүріліне қосылып кең далада шырқаушы едім, – дейтін.

– Ты баритон что ли? – деп гүр ете қалғанда, жиналған жұрт селк ете қалып, бір мәз-майрам болатын. Одақ кезінде Мәскеудің Үлкен Кремль сарайында өткен Кәсіподақ Кеңестерінің съезінде өн шырқап келгеннен кейін ел арасында біздің Еркін екінші Ермек Серкебаев деп тараған лақап аты да оның беделін өсіре түсті. Әзілшіл, ақжарқын Еркін әнімен Көкшенің өнеріне көп үлес қосты. 1987 жылдың жазында Алматыда Қазан төңкерісінің 70 жылдығына арналған облыстар фестивалі өтті. Сонда жиналған жұрт Көкшетау облысының өнерпаздарының әншілігіне таң қалып, «Бұлармен тек Павлодар облысы ғана өнерімен таласа алады екен, пара-пар болатын басқа өлке елімізде жоқ» дегенді талай адамнан естідік. Сол кезде Көкшенің ата-баба өнерін жаңғыртатындай Көкен ақын бастаған үлкен өнерпаздар тобы бар еді. Олар – Кәрім Ильясов, Сайран Мағзұмов, Анатолий Любинский, Еркін Біржанов, Бисара Мәкенова, Люба Адиллов, осы естелікті жазып отырған мен. Осылардың ішінде Еркін інім ерекше көрінетін. Кезекті бір концерттен кейін риза болған Көкше қызы, республикаға еңбегі сіңген әртіс Қапаш Құлышева бізді үйіне қонаққа шақырды, біз Еркін скеуміз бардық. Еркін Көкшетауда

Қапашпен мектепте бірге оқыған екен. Естен кетпейтіндей тамаша көңілді отырыс болып еді. Қолымыз бос уақытта керікті Алматыны араладық. Ініміздің бір әдеті бар еді, ол дүкендерді аралау, көп нәрсе алмаса да бәрін қарап, көру, біз ере-ере шаршайтынбыз. Осы әдеті қалмайтын, бірде Көкшетауда мені бір жерге тұрғызып:

– Мен қазір мына дүкенге кіріп шығайыншы, алатын нәрселерім бар еді, – деді. Содан көп кідірді, мен біраз уақыт тосып қалдым. Еркін келіп, маған таяна бергенде бір танысымыз:

– Жігіттер, бұл не тұрыс? – деді.

Мен:

– Жүреміз біз дүниені ән қылып,
Өнерпазға бұл жағдай – заңдылық.

Соңына ерсең Еркінжанның әрқашан,

Қалдың дей бер айдалада қаңғырып, – дедім әзілдеп.

Осындай әзілдерді ол жақсы көруші еді, мені әдейі сөйлеткісі келіп, әңгімеде өзінің бір ұшқынын шығарып тұратын. Жасы менен кіші болса да, онымен тайдай тебісіп ойнайтын құрбылардай жарасушы едік. Өзі қайнар бұлақтай халық арасынан шыққасын, ол халық шығармашылығы өнеріне үнемі қызығушылық танытатын.

– Иреке, сендер ақынсыңдар, қысылып тұрғанда сөз тапқырлығымен адамдарға көмектесіп жібересіңдер, иә?! – деп бір күні жымия қарады.

– Не боп қалды? – деуім мұң екен,

– Мына дүкенде Әсима атты бір жақсы қыз жұмыс істейді, қарызға ақша алып тұрушы едім, әлі қарызым бар, бірақ қиуырт 1500 теңге ақша керек боп тұр, сен ақындықпен бір нуыз сөз айтсаң қайтеді? Мен:

– Жүр, – дедім.

Әсимамен амандасқаннан кейін:

– Еркінжан Әсиманы еркем дейді,
Сұлулығы Көкшедей көркем дейді,
Тап қазір 1500 теңге қарыз берсе,
Қайырамың, оллаһи, ертең дейді, –

дей беріп едім, бағы жанғыр Әсима жүгірс жөнеліп кассаға барды да, Еркінге ақшаны ұстата салды. Тірі кезінде менің шығарған әндерімді орындап, насихатшы болды.

Мұқағали Мақатаевтың сөзіне жазған “Ақ қыздар” әнім, “Жаңа ғасыр ХХІ” деген өзімнің сөзіме шығарған әнім оның репертуарынан орын алды.

Менің әншілік өнерімнің дамуына тілегін қосып: «Сенің дауысың бар, аузыңды ашыңқырап барып шырқа», – дейтін еді марқұм, менің өмірдің үлгі-өнегесі, бастан кешкенім туралы көп сұрап, әңгіме тындауға ерінбейтін. 63 жасқа толғанда, облыстық филармониядан бірден зейнеткерлікке шығарып, есептескеніне біраз налып жүрді. Ол әншілік бабында болатын, әлі де біраз жыл Көкше өңірін өнге бөлуге мүмкіншілігі бар зор талант еді. Өле-өлгенше анда-санда шамалы беретін тиынына қарамай, әншілік өнерін филармонияда жалғағандай болып, концерттеріне қатысып жүрді.

Адамгершілігі мол, ақжарқын мінезімен, әншілік диапазоны кең өнерімен, дауысының екпінді күшімен, әдемі бояуымен Еркін жанасқан жанның бәрін бауыр етті. Өнерді жанындай жақсы көрген әншінің ұрпақтары да бүгінде әке өрнегін, өшірілмес тарихтағы ізін жалғап келеді, олар – Көкше өңіріндегі белгілі музыкант ұлдары Сәкен, Дәурен.

Еркін інім, досымның қазасы бізге көктен түскен жайдай болды. Оны ақтық сапарға шығарарда мен де сөз алып, ішімнен жыр боп шыққан қайғымды төктім.

Көкшеде тума талант, әнші Еркін,
Көкшедей көрінуші ед келбет-көркін.

Көкшенің күркіреген аспанындай
Қосып ед дауысың елге жігер, серпін.

Мінекей, сен де кеттің арамыздан,
Кетпейсің бірақ мәңгі санамыздан.
Сал-сері үнін жалғап туа берсін,
Өзіндей дархан дарын саламыздан.

Жүруші ек әнді шырқап, күліп-ойнап,
Әндетсек құлпырушы ед Көкше жайнап.
Батырдай алғы шепте тұрушы едің,
Туған ел көтергенде әннен байрақ.

Сап, көңілім, тағдырға адам бағынады,
Көл болып көздің жасы ағылады.
Дауысынды ән тербеген, жан тербеген,
Ұрпақтар талай-талай сағынады.

Өнерді жас басыннан құптап едің,
Еңбекпен егіз қылып баптап едің.
Адалдық, адамдықты мықтап ұстап,
Ешкімге ренжіп қабақ шылтпап едің.

Мен бүгін көңіл айтам сүйген жарға,
Анаға зарлап қалған, туыстарға.
Үлгіңді болашаққа жалғастырар,
Өнерлі, тәрбие алған ұл-қыздарға.

Менің жүректен шыққан жырыма Еркіннің қарындасы
Қазына бауырының зары қосылып жатты:

Салатын Көкше сазына,
Құлақ тұр, халқым, назыма.

Айрылып қалып Еркіннен,
Зарлайды бауыры Қазына.

Алланың шашқан нұры едің,
Әндеткен елдің сыры едің.
Өзіндей шырақ сөнгесін,
Зарлайды жылап жүрегім.

Шыққандай жаным төнімнен,
Кеткендей бояу сәнімнен.
Бауырым менің кеткен соң,
Сән кетті асқақ әнімнен.

Зарлайды жылап жан жары,
Артында қалған балалары.
Ертерек кеттің, Еркінжан,
Көп еді асқақ арманың.

Бас иіп халқым табынған,
Айтуға көңілім ағылған.
Өмірге ұрпақ үн қосар,
Дауысын Еркін сағынған.

Зарланып жүрек толғайды,
Жыламай сірә болмайды.
Еркінжан гүлі өсірген,
Сөзге, халқым, солмайды.

Бақыл бол, бауырым, жылайың,
Алладан медет сұрайын.
Айрылып қалып бауырымнан,
Жыламай қалай тұрайын.

Иә, тағдыр осылай асылдарды бізден айырады – бұл

табиғаттың заңы, бірақ Көкше өнерінің тарихында Еркін есімі мәңгі сақталады. Кешегі аңыз болған Біржан салдың зор, қуатты, әсерлі үніндей, ән құдіретінен ұрпақтарға сепкен гүліндей Еркін әншінің дауысы болашақ өнерпаздарға нәр беріп, үлгі болары сөзсіз. Әкеден бала туар да, ата жолын қуар да, демекші, Көкше жерінде Еркіндей таланттар туа берсін. Еркін де әнші, мен де әнші, еңдеше, кербез Көкше, сұлу Көкше – ән ордасындағы әнші тұлға туралы айтатыным:

Арайлап Көкшетауда талай таңды,

Жалғаған сал-серілік асқақ әнді.

Ұрпаққа жаны сүйген сұлулықты,

Болғанда Көкше мәңгі, еншалла, әнші мәңгі!

**Иран сал Тасқараұлы ТАСҚАРА,
ақын, әнші, сазгер.**

ЖАЛҒАСЫ БАР ҒҰМЫР

Менің қолыма қалам алдырып, осы бір ойларға жетелеген Еркінге деген ыстық ықыласым, мәңгі өшпес махаббатым еді. Оның жүріп өткен өмір жолына, шыққан белестеріне көз жүгіртіп, еске ала отырып естелік ретінде қалам тербеп отырмын.

Еркін киелі өнер иесі болғандықтан, құлаққа жағымды майда қоңыр үні күні бүгінге дейін ел есінде ғой деп ойлаймын. Еркіннің өнерге бейімділігі, әншілігі ел көзіне түсіп танылған шағында Алматыға шақырылғанда ата-анасы баласының алысқа, өздерінен жырақ кетуін қаламай, жібермей қалса керек. Содан ол Чкалов ауданы Талдыкөл ауылында жүргізуші болып қала берді. Еркін жүргізуші болып жүріп, әншілік өнерін де тастамады.

Ол кезде өнерге деген көзқарас онша болмаған ғой. Еркін әншілік өнерін тастамай, осы өнерінің арқасында халқына таныла білді. Өзінің азаматтық қадыр-қасиетімен, жан тазалығымен, ақыл-парасатымен, біреудің ала жібін аттамайтын адал ниетімен ел құрметіне бөленді. Өнерді жасынан бойына сіңіріп өткен, өмір жолы ұрпақтан ұрпаққа жалғасын табар деп ойлаймын. “Орнында бар оңалар” дегендей, өмір бойы өнерді пір тұтқан Еркіннің артынан ерген ұрпағы осы өнерден құр алақан емес. Ұлдары Сөкен мен Дәурен – ән салмаса да домбыраның құлағында ойнаған шебер күйшілер. Тек өнерде олардың жолдары болып, әке өнерін жалғастырсын, деп тілеймін. Еркіннің артында қалған ұл-қыздары, немере-жасандарының өмірі ұзақ болсын. Еркіннің үлгере алмай кеткен істерін ұрпақтары жалғастырсын деген ниетпен осы естелігімді аяқтаймын.

Еркінге “Қазақстан Республикасының еңбегі сіңген мәдениет қызметкері” деген атақ берген 1981 жылы Нығымет Кәрібайұлы деген әнші жездеміздің сол тойда шығарып жазып кеткен өлеңі:

ЕРКІНГЕ

Бүгінгі күні біз келдік,
Шақырған соң ауылға.
Үлкен-кіші ағайын,
Ел ортасы қауымға.

Мәдениет майданы
Еркінге атақ берді деп,
Шақырыпсың, Еркінжан,
Қуанышпен елді көп.

Қайырлы болсын, қарағым,
Әншілік атақ алғаның.
Ізденіс жасап өнерге,
Жаңашыл өзің болғаның.

Елімнен шыққан баласың,
Халқым берді бағасын.
Данқты етіп көтерді,
Соған да риза боласың.

Талдықөл, Көкше, Алматы,
Әнінді сенің ардақтап,
Мәртебелі Астана,
Бағанды берді салмақты.

Бағалай біл, Еркінжан,
Халқыңның берген бағасын.
Шырқалған әнің әрдайым,
Эфирден елге тарасын.

Ұмыта көрме, бірақ та
Үлкеннің берген батасын.
Ұлағат алып, өсе бер,
Асуды талай асасын.

**Естелік жазып алған – Еркіннің жары
Қайыржамал Ғаббасқызы.**

ЕРКІН ЖАЙЛЫ

Еркінді еске алып жаза бастағанда, алдымен ойыма оралатыны – оның құрдастығы. Оның маған деген көңілі ерекше еді. Мені көрсе болды, қарадай шала бүлініп қалатын. Мазақтап, ойына не келсе, соны айта беретін. Оның сайқымазағына күле қоймасам, “Ты что такой серьезный” деп түрткілеп ерікке қоймай күлдіретін.

– Бір әзіл-қалжыңды түсініп көтере білетін құрдасымсың, сондықтан да сенімен ойнаймын. Әйтпесе сені қайтем, әжептәуір болып шірне қалыпсың, – деп иығымен қағып, қолымен қайта-қайта жұлқылап есімді шығаратын.

– Әй, сенін «Көкшетау» деген әніңді халық керемет қабылдайды. Сен шығарды деп түсіндірем. Таңқалады көбі, қалай шығарған. Классический ән, – деп те мақтап қоятын.

– Мен өзі көңілімнен шықпаса, ана-мына әнді айтқым келмейді. “Көкшетау” атты әніңді айтып, әбден төселіп алдым. Шіркін-ай, қайта бір оркестрге қосып жазып алар ма еді, – деуші еді.

– Сондай тағы әнің бар ма дегенде: “Сен “Қарағаш” деген әнді көрсен қайтеді? – деп едім. “Жүр” деп филармонияның концертмейстріне алып барып, нота бойынша тыңдап көріп:

– Мынау ән маған ұнайды, ал партитура жазғызайық



Әкесі Ерғали.



Еркін мен зайыбы Қайыржамал.



Анасы Сара Нұрахметқызы.



**Қарындасы Қазина ортасында, (сол жақтан)
Майра, жеңгесі Ұлболсын.**



**Сәкен сері
Еркінді құттықтауда.**




Еркін, жұбайы, ұлдары Сәкен және Дәурен.



Еркін өз отбасымен.




Баласы Сәкен, келіні Айгүл, немерелері Мәди, Ғани.



Ұлы Дәурен.



**Баласы Рүстем, немересі
Ерсұлтан, інісі Мәрден.**



Қызы Гүлнәр, күйеу баласы Сүйіндік, немересі Ерсұлтан.



Туған қарындастары Жібек, Баян, Жаңылған.



**Үлкен қызы Алма, күйеу баласы Бақытбек,
немересі Данияр.**



Дәурен мен Айгүл және Арсен.



Сүйікті қызы Шынар.



Немересі Мәдимен.




Анасы Сара немересі Фаризамен.



Інісі Ораз, жұбайы Эльмира, ұлы Мәрден, қызы Гүлсән.



**Еркін мен Қайыржамал, жиені Асқар,
жиен келіні Гүлжан, балалары Нұрсұлтан, Тоқтамыс.**




Немерелері Мәди, Ғани.



Еркін өз тойында.




**Филармония әртістері "Қыз Жібек"
операсын қойғаннан кейін.**



Немересі Дастан.



Дәуреннің ұлы Арсен.



Егіз немерелері Адина мен Арина.



Еркін құда-жеужаттар ортасында.



**Ч.Өбутәліпов Еркінді
құттықтауда.**



**Жолдасы
Нұрлан Қадырбеков.**



Құрдастар Еркінді құттықтауда.



Еркін құрдастарымен бірге.



Тоқтар Әубәкіров, Талғат Бигелдинов, Шота Уәлиханов.



Еркін мен Болатқожа Қарқаралыда.



Еркін мен Болатқожа омбылық әріптестермен.



Еркін мен Болатқожа.

Құрмет Сақайға, – деп филармониядан шыға, педколледжге бардық. Барсақ, Құрмет бар екен, ол ойнап көріп, “жарайды партитурасын жазайын” деп алып қалды әнді.

“Қарағаш” әнін де сүйсіне орындаушы еді. Еркіннің даусы срекше еді-ау. Мен 50 жыл талай концерттерде болып, талай елдерде болып, Еркіннің даусындай ерекше дауысты кездестіре алмадым. Оған Алланың берген үлкен сыйы еді. Ешқандай қоспасы жоқ, нағыз табиғи талант, дарын да. Сахнада өзін ұстауы, ән орындау үстінде ән ырғақтарына қарай қимыл қозғалыстары, бәрі менің көз алдымда. Мен ол дүниеден өтті дегенде, нанбай, жерлеуге барғанда, өмірде жалғыз қалғандай сезіндім. Маған оның орны өлгенімше толмай тұратын сияқты. Себебі ол жолдасым, құрдасым, сырласым, концерттерде сапарлас болған әріптесім, мақтаньшым еді.

Еркін – елден ерекше өзінің еркелігімен, сүйкімділігімен Көкше жұртының есінде мәңгі қалған азамат.

Тыныштық ШӘМЕНОВ.

САҒЫНТЫП ЖҮРСІҢ, САҢЛАҒЫМ!

Жаның жәннатта болғыр, Ерекем-ай!

Қиқым бақай есептін қиқуына еріп, бір күнінен бір күні мағнасыз һәм сұрғылт, кеспірсіз кенуі кеткен күйбеңді тірлікпен жүріп, өзіңсіз өткен 40 күнді де артқа қалдырыппыз. Пенде шіркіннің пешенесіне жазылған “жалғыз келіп, жалғыз кету” деген ұғымға жығылар болсақ, өзіндей аңғал, адал, кеудемсоқтығы жоқ қарапайым қылықты мөлдір мінезге бай азаматтан айрылу туған-туыс тұрсын, былайғы жора-жолдас, дос-жаранға да оңай емес екен.

Сенің жоқтығыңның жанға батары өзіндей өнері биік, таланты текті тұлғаның сиректігі әрі болмыс бітімі бір

оқшаулығында ғана ма екен. Осыларға қоса өзіңмен өткен күндер, апталар, айлар, жылдар қойынында қаншама думанды, қызықты сәттердің мол болғандығы, өксікті өкініші, енді солардың секундтық сәтінің оралмайтындығында ғой.

Осындай тұста хакім Абайдың “өлсе өлер табиғат, адам өлмес” деген пәлсафасына күдікпен, шүбәлі пиғылда көңіл көзін қадағың келеді. Шын адам, нағыз адам өледі екен. Бұны мойындатары оның орнының ойсыраған қалпы жазылмай қалатындығы, туған-туыс, жақын жанаптардың жадында жаңғырығып тұра беретіндігі, нала зар өздерімен келмекке бірге кететіндігінде болар. Сен осы деңгейдегі азамат едің.

Тектілігі жуылып-шайылып, тексіздігі тебіндей шығып, үдей түсіп тұрған мына сұрқай тірлікте өзіндей азаматтардың зәрулігі, керектігі күн санап ұлғая түсетіндігі сөзсіз. Өз төңірегіне ғажап ізгілік пен адами нұрлы шуақтың сәулесін себездетер сирек те болса, барлар санатындағы өзіңнің сағынтып, сарғайтып кеткен күндерің мен айларың, күні ертең жылдарға ұласар бел-белестер кезендердің санамызға салмақ салары ақиқат.

Халқымызда ел адамы, халық өкілі, жұртшылық еркесі дейтін ұғымдар бар. Сен солардың бәріне ортақ қымбат қасиеттерді өз бойыңа дарыта біліп едің. Қара жердің қабырғасын қайыстырған күні кешегі қаралы жиын сенің қапияда кезіккен қазанды растауға емес, сенің асқақ бітімді рухы биік азаматтығыңның алдында бас июге мәжбүрлеген сәт еді. Қазақтың “Торқалы той топырақты өлімде” дейтіні де содан болар.

Беу, қайран Ерекем-ай!

Қаншама егіліп, жас болып төгіліп, қырық қабырғаның көк еті болып сөгілсек те сен енді Абай айтқандай “ойнап-күліп ортамызға оралмайсың”. Өлімнің рақымсыздығы да,

алдының алапат суықтығы да сол ғой.

Өзіңіз өткен 40 күнде қирап, бүлініп қалған ештеңе де жоқ. Бәрі бәз баяғы қалпында. Алысып-жұлысқан, аяқтан шалып, тобықтан қаққан, ләппай тақсырлап жүріп, ұпайын жиып, мөре-сәре болған бейшаралық, сенің де дарынын қарынға сатқан қорқаулық, ертенін ышқырына қыстырып, бүгінімен ғана мәз болған бейопа боқбасарлық, жоғарыға жалтаңкөз жәдігөйлік, сенің де талантыңды танығысы келмеген келемеж тасырандық сол өзің бардай өмір сүріп, өркендеп жатыр. Шүкірәна дегізіп, егілген жанымыздың босап кеткен тоспа-үстындарын бекем етер өз от басыңның есендігі, ұрпағыңның сенсіз күн кешер бақуатты қалпы. Біз соған көңіл тоғайтып, сезім марқайтамыз. Жаратушы енді солардың қайғы-наласын тарттырмасын!

О, дүние дейтін ұлық сыйпатты ұғым бар да соның шырайлы шындығы ақиқат болса – пейіште нұрың шалқып, жаның жәннаттың төрінде болғай, қайран Ереке!

Телеген ҚАЖЫБАЙ.

ӘН ЕРКЕСІ

Еркін Біржановтың рухына

Шіркін, зымырап өтіп бара жатқан уақыт-ай десейші! Күні кешегідей еді бәрі. Сонау алпысыншы жылдардың басында ауылдағы сегізжылдық мектепті тәмамдаған қарадомалақ балалар мен тұлымшағы желкілдеген жас бойжеткендер, бойжеткен деуге тағы ерсі сияқты, әр ошақтың үріп ауызға салардай ай мен жұлдыздары, іргедегі Чкалов мектеп-интернатында оқып жатқанбыз.

Еркінмен, кейіннен кәдімгі жезтаңдай әнші атанған, “Қазақстанның еңбегі сінген мәдениет қызметкері” атағын иеленген аудандағы белді де қойлы шаруашылықтардың бірі – “Сүгірбай” кеңшарының майталман автожүргізушілерінің алдыңғы қатарында жүрген Еркін Біржановпен сонда таныстық. Көршілес Талдыкөл ауылынан осы мектеп-интернатта бірқыдыру бала оқитын. Жексенбі күндері үйлеріне тайып тұратын соларды иығына артынып-тартынып салған “жүктерімен” оқуынан қалдырмай азаннан аудан орталығына жеткізетін де осы Еркін болатын.

Көзге көрген түстей болып елестейтін сол сағымды да сағынышты күндер көп кешікпей артта қалып, Алматыға барып, сырттай оқуға түсіп, облыстық “Көкшетау правдасы” газетінің редакциясына қызметке орналасқан мен бірде кезекті іссапармен Чкалов ауданын бетке ұстап, жолға шықтым. Күзгі жиын уақыты. Баспасөзге жазылу науқаны да осы кезеңмен тұспа-тұс келеді. Орталықтағы шаруаларымды тездетіп бітірген соң, аудан орталығына жақын “Сүгірбай” кеңшарына қонаға баруды ұйғардым. Ол кезде мейманхана дегенің қайда, әйтеуір партком хатшысы, марқұм Қайыр Қалиақпаровты сырттай білетінмін. Әрі оның жолдасы – біздің елдің қызы-тұғын. “Әзер болса, бір түнеп

шығармын” деген оймен маршрутты автобусқа отырып, сол жаққа тарттым.

Менің бағыма Қайыр да, жұбайы Галя да үйінде екен. Кешкілік мезгіл болса да, жылы қабақтарын танытып, келген бұйымтайымызды айтқан соң, тездетіп шай жасап, іш қазан да көтерді. Әрі-бері әңгімемен отырып, мезгіл бірер уақыт болғанын байқамай қалыппыз.

– Сәке, жасымыз шамалас сияқты, ексуден екеу тымырайып отырғанша мына көршіміз Ерекенді асқа алдыра қояйың, – деді Қайыр марқұм. – Кішкене көңіл тарқатып, ән естиік, әңгіме жібін ағытайық.

Артынша-ақ жеңешемізді ертіп, Еркін аға да жайрандай күліп, кіріп келді. Үйеме табақ ет те орталанып қалды. Екі-үш рюмка ақаңнан да тартып алдық. Мандай жіпсіп, қарын тоятпаған соң Қайыр:

– Ал Ереке, мына Сәкеңді білесіз ғой. Білдей бір облыстық газетте істейді. Өзі мына тұрған Даңқой елінікі, Қарағаш ауылынан. Қызмет жағдайымен біздің шаруашылыққа кештетіп келген екен, сосын іші пыспасын деп Сізді алдырттық. Көне, бірер ән айтып жібер?! Көңіл көтерейік...

Ерекең бұлданған жоқ.

– Тамаққа тойып алдық. Дауыс шықса жарайды ғой. Жә, көрерміз, – деп, бір жөткірінді де көдімгі “Сырымбетті” бастай жөнелді.

“Ауылым қонған Сырымбет саласына,

Ғашық болдым ақсұңқар баласына-а ей!..”

Кең тынысты диапазон ғажап үніне, Ерекеңнің көмейі бүлкілдеген баритон дауысына елти әрі қызыға құлақ түріп, аң-таң күйімізде отырып қалыппыз. Ән соңынан ән тиегі ағытылды-ай дерсің бір мезет.

Не керек, сол жолғы сапардан кейін газет бетіне

“Сүгірбай” кеңшарының озат жүргізушілерінің бірі, жезтаңдай әнші, қарапайым ауыл азаматы Еркін Біржанов жөнінде шағын суреттеме жаздым. (Өкінішке орай сол материалымның түпнұсқасын, газет тігіндісін кейін таба алмай қалдым).

Ерекеңнің еңбектегі, өнер жолындағы жеткен жетістіктері, шыққан биіктері хақында артынан сырттай естіп жүрдік. Тіпті облыс орталығында, со кездегі астана – Алматыда дүбірлі бір жиын бола қалса, әр аймақтан шақырылған делегация құрамында Еркін Біржанов та соларға қатысып, сахна төрінен ән шырқағанын теледидардан талай көрдік. Шетелдерге шығып, фестивальдарға қатысып, есімдері со кездегі Одаққа танымал өнер қайраткерлерімен қатар ән салғанын да сан мәрте естіп, білдік. Кейіннен “Қазақстанның еңбегі сінген мәдениет қызметкері” атағын иеленгенде, осының бәрі өз еңбегі, таудай біткен талабының арқасында қол жеткен жемісі екендігін түсіндік.

Кешегі жекешелендіру науқаны басталған тұста, кеңшарлар тарап, ауылдағылардың көбі жұмыссыз қалған уақытта Ерекең көп ойланбастан облыс орталығы – Көкшетауға қоныс аударды. Осындағы облыстық филармонияға қызметке орналасты. Міне, сол кезеңнен бастап онымен екі-үш көйлек бұрын тоздырғанына қарамастан жиі кездесуге, жиі жүздесуге айналдық. Оған себеп – екеуіміздің жерлестігіміз әрі бұрыннан бергі таныстығымыз еді. Бәрін қазбалап, айта беріп қайтейік, бірде әнші Еркін Біржановтың “Көкшетау” мәдениет сарайында творчестволық кеші өткенде өдейілеп өзім де барып, басқалармен қатар арнайы құттықтаған едім. Сондағы есте қалған жыр шумақтары мынадай болатын:

Баритон дауыс, үні асқақ, кең көмей,

Жер мен аспан кеткендей елтіп дөңгелей.
Шырқатып бір ән салғанда Ерекен,
Шыдарсың қалай, делебең қозып билемей.
Қирапайым беу, қазақтың бел баласы,
Төңірім қолдап әрқашан болған панасы.
Ауылда жүріп талантымен танылған,
Туған ауылы – әмбе де әке-анасы!
Зал толы қауым әспеттеп келді ол анық,
Тарланбоз ұлдың хас өнерін жұрт танып.
Шаттансаң шаттаң, мақтансаң мақтан, ағайын,
Мақтауға ылайық біздің Еркін Біржанов!..

Сайлау КӨШКЕНҰЛЫ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі,
Мәдениет қайраткері.

ЕСТЕЛІК

Еркін Омарұлының рухына, артта қалған жан жолдасы Қайыржамал, анасы Сара, балалары Дәурен, Сәкен, Рүстем, Шынара, Алма, інісі Ораз, т.б. туыстарына

Көкшенің қадірлі азаматы, артық болмаса Көкшенің серісі – Серкесі, біртуар інім Еркінді сахнада бірнеше рет көріп едім. Енді Алланың жазуымен 4.V.08 ж. Науан хазірет мешітіне бірекі жас жігіттер келіп, наиб имам Әбенұлы Нұрланнан оң жаққа мәйітті қоюға молла сұрады. Имам мені жіберді. Келсем, өңші Еркін ініміз фәниден бақиға сапар шеккен екен. Маған келген баласы Дәурен екен. Мәйітті оң жаққа қойдық.

Адамзат бүгін адам, ертең топырақ,

Бүгінгі өмір жарқылдап алдар бірақ.

Ертең өзін қандайсың, білемісің,

Өлмек үшін туғансың, – деген ғой ұлы Абай.

5.V.08 жылы Көкшетау тұрғындары, жеоқаттары, туған туыстары, жанашыр жолдастары Еркін Омарұлын мәңгілік бақилық сапарға шығарып салуға жиылды. Жолдастары Қажыбайұлы Төлеген бастаған ел қайғылы-қаралы мәжіліс өткізді. Артта қалған Еркіннің қарт анасы Сараға, жары Қайыржамалға, балаларына, туыстарына осынша ауыр қайғылы көңіл айтып, тілектерін білдірді.

Арлы да өткен өмірден,

Жарлы да өткен өмірден

Сен де өтерсің бір күні,

Жаралсаң да темірден, – дегендей, құрметті Еркін бауырымыз, топырағың торқа, жаның жәннатта, тәнің рахатта, иманың серігің болсын дедік.

Артта қалған анасы Сараға, жары Қайыржамалға, балаларына, туыстарына ұзақ өмір, зор денсаулық тілеп, Еркіннің жасай алмай кеткен жасың, көре алмай кеткен қызығын сіздерге көруге жазсын дейміз.

Бұл шаңырақта ешқандай жаманат болмасын деп тілек білдіруші – Мен Омарұлы Еркінді оң жаққа қойғаннан бастап 3, 7, 40 күндік дұғаларын атқарушы – Науан хазірет атындағы мешіттің молласы Әнуәрбек Жакетұлы.

ҚҰДАНДАЛЫ ЕДІК

“Сенің кім екенінді айтайын, досыңды көрсетші” дегендей, біз де Еркіндей ер азаматпен жолдас, құрдас, дос екенімізді мақтан тұтушы едік.

Айтпақшы, біз онымен алдымен құда ретінде танысып кездескен едік. Ол былай болған еді. Біз сонау 1985 жылдары Ленин ауданының орталығы Талшықта тұрып жатқан едік. Жұбайым Егінбай аупарткомның екінші хатшысы болатын. Көкшетауда тұратын Шоқай ағамыздың ұлы Марат үйленетін болып, бізді құдалыққа, яғни құда күтісуге шақырған болатын. Соған келгенімізде, ағайдың бізге берген тапсырмасы бойынша мен құдалардың қасында отырып, оларды ішкізіп-жегізіп, қалжыңдасып, өлең айтқызып дегендей, әйтеуір риза қылуым керек болатын. Келін болсам да мені соған ыңғайлы деп тапса керек қайын ағамыз. Ал Егінбай болса құдағилар мен құдашаларды күтіп, қызмет етуі керек деген тапсырма алды. Ағайдың үйінде құдаларды күтуге арнап екі қатар үстел қойылып, дастархан жайылған екен. Ырымдарын жасап, құдаларды қарсы алғаннан соң ерлер жағын бір қатарға, ал әйелдер жағын екінші қатарға отырғыздық. Мен Егінбайды әйелдер жағына апарып “мына жігіттің әйелі үйінде қалып еді, өзі құдаларыңыздың інісі болады, аты Егінбай, сіздерге қызмет етеді” деп таныстырып кеттім де өзім сценарий бойынша бас құданың жанына барып отырып, өзімнің міндетімді, яғни ролімді атқаруға кірістім. Таныса келе білгенім бас құда нақты құдамыздың інісі осы Еркін екен. Ол кездегі қазақи дәстүр бойынша неғұрлым

құдаларды көбірек ішкізіп мас қылсаң, солғұрлым жақсы күткенің болып есептелетін. Шараптың орнына алдастырып шай ішіп, өтірік қызып алған болып, құдамен білек айқастыра ішіп, қақтығыса қалжындасып, ара-тұра әндетіп, әйтеуір не керек, “рольге” қатты беріліп кетсем керек. Бір кезде құдағилар жағынан бір әдемі келіншек қасыма келіп: “Әй, сен не қылған бұзылған әйелсің, неғып менің күйеуіме жабысып қалдың, керек болса бердім, сен-ақ ала ғой”, – деді де ренжіп кетіп отырды. Менің түсінгенім, бас құданың, яғни Еркіннің келіншегі менің “ролімді” басқаша ұқса керек. Құданы риза қыламын деп өуреленіп жүргенде құдағиды ренжітіп алғанымды біліп, өзім де қатты қынжылдым. Сонымен, құдалық та аяқталып, құдалар да, қайнағам да риза болып, үйлерімізге қайтпақшы болғанда, қарасам Егінбайды да құдағилар мен құдашалар әбден “риза” қылып қойған екен.

Аудан орталығы Талшықтан шыққанда машинасының жүргізушісін қалдырып, рульде өзі келген еді, енді қалай рульге отырады деп қиналып тұрғанда қасымызға Еркін келді. Жағдайды білген соң, “Рульге мен отырып, Петровкадағы ағайдың үйіне дейін барайық, мені жолда ешкім тоқтата қоймас, тоқтатқан күнде де бөрі мені таниды ғой, ал әрі қарай Егінбай өзі жүргізеді, ол жақта сендерді тоқтатпас” деді жарқылдап. Солай келістік, себебі Еркіннің әйелі сол ренжіген бойы ашулы қалпымен баласын рульге отырғызып алып, келген машиналарымен кетіп қалыпты. Егінбайға уазиктің артқы орындығына жатып дем алып ал дедік те, Еркін рульде, мен алдыңғы орындықта, әңгімені жалғастырып, әндетіп Петровкадағы құданың үйіне де келіп жеттік. Машинаның дүрілін естіп үйден шыққан Еркіннің келіншегі: “Немәң, өлі айырылыса алмай бірге жүрсіндер ме, жарайды, солай жүре беріндер”, – деп онан сайын ренжіп үйге кіріп кетті, мен ештеңе дей алмадым. Құданың үйінен бір шай

ішіп есімізді жиған соң, хош айтысып біз де Талшыққа аттандық. Содан арада оншақты жыл өткен соң осы Көкшетауда Сапан досымыздың үйінде қонақта Еркін мен Қайыржамалмен кездестік. Олар жақында Көкшетауға көшіп келіпті, Сапанға туыс көрінеді. Сол үйде отырып өткен “құдалықты” еске түсіріп біраз күлісіп алдық. Сондағы реніштің бәрі ұмытылып, сол күннен бастап “құдалығымыз” достыққа айналып, “күрдастар” деген атпен ойнап-күліп жүретін едік. Елдің еркесі, “күрдастардың” көркі, тойдың сөні, жүрек тебіренер әні едің, Еркін. Әттең, көрер жарығың таусылып, арамыздан кеткеніңе жанымыз қиналады, сағынамыз, қимаймыз, қайтейік... Бұл дүниедегі еліңе жасаған жақсылығың мен алған алғысың о дүниеде алдыңнан шығып, орның жұмақтан болғай деп тілейміз.

Өнерінді жалғастырып жүрген қос құлыныңды көргенде төубеге келіп, артында қалған зайыбың Қайыржамал мен ұрпақтарын аман болса екен дейміз.

Аманбала ЖҰМӘДІЛҚЫЗЫ.

ІЗГІ ЖҮРЕКТІ ЕДІ

Мен Ерекенді 1973 жылдан білетін едім. Шет елге концерттік сапармен жүрер алдында филармонияда репетиция болды. Ерекен филармонияның жатақханасында жатып жүрді. Сол арада жолығып, Көкшетауға келгенде кездесетін едік. Содан байланысымыз үзілген емес.

Көкшетауға көшіп келгенде несиеге қаржы алу керек болды. Ол бір қиын кез еді. Үйде газ, жарық жоқ. Сонда Ерекенге облыстық қаржы басқармасының бастығы Серік Кәрібайұлы Ыбыраев көп көмек беріп, азаматтық танытқаны есімде.

Ерекеннің ерекше қасиеті – қолынан келіп тұрса кімге болса да көмегінің аямайтындығы. Өмірден өтерінен бірер күн бұрын онкодиспансердің алдынан көрдім.

– Ереке, неге тұрсың? – десем,

– Тайыншадан бір науқас келуші еді, соны мына диспансерге жатқызушы едім, – деді. Содан ол түс ауғанша автобустан келушілерді тосып тұрды.

Ойламаған жерде өмірден өтіп, бөрімізді опындырып кетті. Тағдыр солай болса не шара? Топырағың торқа болсын, қайран Ереке!

Ерден НҰРХАНОВ.

ӘРІПТЕСТЕРІ ЕСКЕ АЛАДЫ

Ия, жуық арада Ерекенді еске алып, естелік жазамыз деген, оң түгілі түсімізге де кірмегені рас. Бірақ амал не, бұл жалған дүниеге кімдер келіп, кімдер кетпеді. Жаның, жүрегің ауырады, о дүниеге қимайсың, бірақ қолдан келер шара жоқ.

Ерекең өзін жүз жасайтындай көруші еді, өмірді сүйетін. Біз де солай ойлаушы едік. Бірақ тағдыр..., сұм ажал!

Адам есейген сайын өзінің ортасың, бұрын бірге жүрген, әзіл-қалжыңдары жарасып тұратын әріптестерін, жолдас-жораларын аңсайды екен. Мен Ерекеңмен алғаш рет 1991 жылы танысқан едім. Ерекең ол кезде Чкалов ауданы, Сүгірбай ауылында тұратын. Кей кездері үлкен мейрамдарға қатысу үшін ол кісіні де концерттерге шақыратын. Таныстары, туыстары бола тұра, концертке дайындық кезінде, концерт біткенге дейін, Ерекең біздің үйде болатын. Екеуіміз де өнер адамы болғандықтан ба, әлде Ерекеңнің адамға жақын, жатырқамайтын бауырмалдығынан ба, біз тез тіл табысып кеттік. Ол кісі өте қарапайым, кішіпейіл, бала мінезді еді. Өзіне төн, жарасып тұратын аңқаулығы да болатын. Үлкенмен үлкен, кішімен кіші болып, әзілі жарасып, тіл табыса білетін. Біз Ерекең екеуіміз сырлас едік.

Ал енді ол кісінің әншілік жағына келетін болсақ, халыққа

өте танымал болды. “Ерекең қашан сахнаға шығады, қашан он айтады” деп халық тағатсыздана күтіп отыратын. Ол кісінің диапазоны өте зор, кең тынысты әнші еді. Дауыс тембрі әдемі (баритон), күш жағынан да мықты болатын. Ерекең арнайы оқып, өнерді қуғанда, нағыз опералық әнші болатынына ешкім күмән келтірмес еді.

Ол кісі табиғатынан туа біткен (самородок) әнші еді. Ерекеңнің өнін тыңдап отырғанда, “Ақындық пен әншілікті оқып ала алмайсың” деген қағидамен келіспеуге дәрменің жоқ, амалсыздан келісесің.

Ерекең консерватория немесе арнайы өнер академиясын бітірген жоқ. Ол кісі даланың академиясын бітірген бе дерсің. Отыз бес жылдай жүргізуші болып жұмыс істесе де, әншілікті жанына серік еткен. Әнді айтқанда жан-тәнімен беріліп, сөзіне де өте мән беріп, жақсы көріп, жүрегімен айтатын. Жүректен шыққан ән жүрекке жететінін жақсы түсінетін. Кей кездері өзінің әр түрлі себептермен музыкалық білім ала алмағанын тілге тиек ететін. Мен айтушы едім: “Ереке, сіздің арманыңыз жоқ, арнайы оқуыңыз болмаса да, профессионалдық (кәсіпқой) сахнада жүрсіз және де өзіңіз армандаған консерваторияны балаларыңыз Сәкен мен Дәурен бітіріп, талай конкурстардың лауреаты атанды. Соған тәуба деңіз. Әлі де өнерлерін шыңдап, талай асуларды алатынына сенімім мол” деп өз ойымды айтатынымын. Ол кісі де балаларын мақтан тұтатын.

Ерекең екеуіміз жас алшақтығына қарамай, бір-бірімізбен қалжындай беретінбіз және де өзіміз жарасып тұратын. Бір-бірімізге ешқашан ренжіп көрген емеспіз. Ол кісі маған әрі аға, әрі дос, әрі жанқұрдас сияқты болатын.

Бірде Ерекең екеуіміз бір банкеттен кейін біздің үйге келіп, түннің бір уақытына дейін әңгіме-дүкен құрып, уақыттың қалай өтіп кеткенін білмей қалыппыз. Ол кісінің бөтен үйде қонып қалатын әдеті жоқ еді. Мен: “Ереке, түнделетіп қайда барасыз, өз үйіңіз ғой, сынайтын ешкім жоқ, қона салыңыз” –

дедім. Ол кісі амалсыздан көнді. Таңертең ерте біреу қоңырау шалды. Телефонды үлкен қызым Әйгерім алды. Біз естіп жатырмыз, бірақ кім екенін білмейміз. Сәлден кейін біз де тұрып киіне бастадық. Ерекең баритон дауысымен: “Әйгерім, жаңағы звондаған менің қызым болар, мені сұрап жатыр ма?” – деді. Сонда Әйгерім көп ойланбастан: “Жоқ, аға, одан үлкендеуі” – деді. Біз Ерекең екеуіміз істің мән-жайын түсіне қойдық та, күліп жібердік. Ерекең басын шайқап, екі иығы селкілдеп, балаша мөз болып: “Әй атаң.., бұлар сөйтеді”, – деп қарқылдап күліп алды. Сөйтсек, звондаған Қайыржамал жеңгей екен.

Бертін Ерекең қайтқаннан кейін жеңгей бірде мұная, бірде Ерекеңнің қылықтары есіне түскенде жымия әңгімесін жалғастырды.

Жеңгей Ерекеңнің телефон арқылы менімен сөйлесіп жатқанын бірден біледі екен. “Өйткені сенімен сөйлескенде, бір бітпейтін әңгіме, қарқ-қарқ күледі де жатады”, – дейді. “Әй, Еркін, Мереке саған не айтып күлдіріп жатыр?” – десем. – “Те скажи, и ты захочешь” – деп өзімді қағытады, – дейді. Ерекең туралы айта берсек, әңгіме көп. Қайсы бірін айтарсың.

Ереке, өзіңді, дауысыңызды сағынамыз, әріптестеріңіз жиі-жиі еске алып отырады. Сіздің жарқын бейнеңіз біздің жүрегімізде, көз алдымызда, ешқашан ұмытылмайды.

Жатқан жеріңіз жарық, топырағыңыз торқа болсын!

Ініңіз, әрі досыңыз –

Мереке БЕКМАҒАМБЕТОВ,
облыстық филармонияның әншісі.

* * *

Ереке, қайран Ереке, өзіңізді әлі күнге дейін ортамызда “жоқ” деп айта алмаймыз. Өйткені күнделікті жұмысқа келгенде өзіңіздің өнердегі достарыңыз, іні-қарындастарыңыз еске алып отырамыз. Әсіресе өнер елшілерімен жолға шыққанда бір шаршағанды білмейтін, өртістердің ішінде жасы үлкен болса да бәрімен әзіл-қалжыңы жарасқан бұндай асыл адам бізге енді қайда...

Өзім жезде деп еркелуші ем. Тойға бардым дегенін естісем, қолдасын ақтарып ештеңе таппасам, конфет алдырып, сарқыт өкпемеген өзіңнен көр деп бір жартысын қоса ал десем, ақыры (кәрімізден ақша жинап алып келуші еді. Сөйтіп мәре-сәре болып отырушы едік.

Бір жылы Еңбекшілдер ауданының Сәуле ауылының тумасы, құрметті азаматы Әйтім Әміровке көше аты беріліп, филармония өртістері концерт қойдық. Сонынан ас берілді, ішке кіріңдер, тимаққа отырайық деп шақырып жатыр. Біз, өртістер, Ерекең жоқ, деп кірмей сыртта тұрмыз. Сөйтсек, Ерекең клубтың алдында бір топ балаларды жинап алып, тиындарын “міне бар, міне жоқ” – деп сиқырлы өнерін көрсетіп тұр екен. Содан мен барып Ереке-ау, болсаңшы, ел күтіп отыр ғой, деп алып кеттім. Ал балалар болса шай ақшамызды қайтарыңыз, деп соңымыздан қуып келеді. Қайтар десем, жоға, жеңімнен пығарып беріп жатқаным ұят емес пе деп бермейді. Соны өртістерге айтып шегіміз қатқанша күлдік. Міне, осындай бала мінезді, дархан жанды қалайша ғана бағалай алмадық. Зейнеткерлікке шықса да бір күн үйде отырмай, күнде бұрынғы одетпен жұмысқа келуші еді. Міне, өнерге шын берілген адам Ерскендей болсын. Өттен, өттен, дөмен қолдан келер көмегіміз болмай өкінішпен күндер өтіп жатыр... Үніңіз құлақтан кетер емес, Ереке. Жатқан жеріңіз жарық болсын. Ұзақ жылдар сахна төрінен асқақтата пырқаған әндеріңіз елдің жүрегінде мәңгі сақталады.

Мара ЕСМҰХАНОВА,
филармония әншісі.

* * *

Қайран Ереке аға! Міне, сіз фәни дүниеден бақилық болғаныңызға да көзді ашып, жұмғандай-ақ бір жыл уақыт болып қалыпты.

Ереке ағамен әріптес болып, қаншама ойын-той, қызық-думандар, халықтың алдында талай концерттік бағдарламада бірге жүрген біздерге бұл күнде сіз сағынышқа айналдыңыз. Мен алғаш Көкше жеріне келіп, әрбір дайындықта бір-біріміздің әндерімізді сырттай тыңдап, құлақ сала жүреміз ғой. Сондағы ең бірінші Ереке ағаның дауысын естігенде мен не радиодан не теледидардан кім айтып жатыр екен деп таңқалған едім. Өзі де мені тыңдап жүреді екен де, бір күні “О, сенің ритмге қабілетің мықты екен, ө” деп өзі де ойын айтушы еді.

Күнделікті дайындыққа Ерекенің келе жатқанын баритон дауысынан біліп отырасың. “Әлдеқандай болып жүру” керек деп өзі неге дауыстап келе жатқанын бізге айтып қояды.

Ағаның дауыс диапазоны өзі қандай кең болса, соншалықты тынысы кең болатын. Бір концертте “Айттым сәлем, Қаламқас” әні аяқталып, қайырмасын созатын кезінде оркестр аяқтап бітіп, ол кісі әлі аяқтау кезінде өнін созып тұратын. Сол мәнеріне халық қанша тыңдаса да тоймай, қол шапалаққа зал көміліп кететін.

Біздің филармонияға осы А.Шатило жұмысқа келгенде бізге, “әй, мені мына балаға Ерекенің біздің филармонияның паханы”, дедер, мен қоқиып қояйын дейтін. Өзі өте көңілді, ешқашан ренжуді білмейтін ақжарқын болатын. Бір күні менен қарызға ақша алып, Ереке, қашан бересіз, маған керек болып тұр десем, “әй, сұрай берме, әйтпесе очеретінді шегеріп тастаймын”, деп өзі күледі, мен оған ыза боламын да, артынан ол кісінің әзілі екенін түсінесің.

Жарқын бейнеңіз біздің жалдымызда, өнеріңіз де, тұлғаның да, парасатыңыз да біз үшін биік! Алла сізге иман саламаттығын берсін!

**Ғазиза ЖҮМЕКЕНОВА,
ҚР еңбек сіңірген әртісі.**

* * *

Еркін Біржанов бұрынғы Көкшетау облысы, Чкалов ауданы “Сүгірбай” совхозының шофері, көркемөнерпаздар үйірмесінің белсенді мүшесі болды. Облыстық, республикалық байқаулардың бірнеше дүркін лауреаты аттанды. Көкшетау қаласында Еркінсіз ешбір концерт өтпейтін. Ауылында қандай қауырт уақыттарда жұмыс қирбаласында жүрсе де аудан басшылары оны жұмыстан босатып, облыс орталығына концертке қатысуын қамтамасыз етіп отыратын.

Еркін ағай патриотикалық әндерді көп айтып, репертуарын да соған лайықтады. Дауысы табиғатынан ерекше еді. Құлақтың құрышын қандырар әсем дауысымен Көкше көрермендерінің құрметіне бөлінген талант еді. Кезінде консерваторияға оқуға бірамын дегенде, шешем жібермеді деп отыратындығы да есте.

1995 жылы ауылдан Көкшетау қаласына көшіп келіп, облыстық филармонияда әнші болып қызмет істеді. Қайыржамал шай ексуі қалада кей дос-жарандармен қатысып, қала өміріне емінеркін араласып кетті. “Орталық” мөлтек ауданында біз тұрған үйден бұл кісілер үй сатып алған болатын. Еркін ағай күйсандықта көп ойнап, дауыс жаттығуларын жасап, өн шырқағанына байланысты көршілеріміз бұл кісіге “заслуженный баритон” деп өзілдей ат қойған екен.

Шындығында Е.Біржановқа “Мәдениетке еңбек сіңірген қызметкері” деген жоғарғы атақты республикалық кәсіподақтар комитеті көркемөнерпаздар сахнасындағы үлкен еңбегі, жоғарғы жетістіктері үшін берген болатын.

Еркін ағайдың жұбайы Қайыржамал – апай өте бауырмал, өңгімешіл кісі. Чкаловтан үлкен анасы қонаққа келгенде көне, Қайыржамал сыңғырлатшы әңгімені деп шай ішіп отырып, өңгімесін тыңдайтын. Қайыржамал апай Еркіндей сүйікті жарын баптап, концертке шығарып салып отыратындығы да есімізде.

Адамның ғұмыры бұл өмірде қысқа ғой. Еркін ағайдың да Алла бұйыртқан тағдыры қысқа болды.

Күміс ӘБДБЕКОВА,
облыстық халық шығармашылығы
орталығының директоры.

* * *

Міне, көзді ашып-жұмғанша бір жыл да өте шықты. Кеше ғана Ерекеңмен ойнап-күліп жүрген күндеріміз жылдан-жылға алыстап бара жатқандай. Ерекең сондай бала көңілді, аңқау, ақжарқын азамат еді. Бауырмад, ұйымдастырғыш, үлкен демей, жас демей елпілдеп жүре беретін. Ерекеңнің даусы, өнері бір бөлек өңгіме. Қандай жағдайда болмасын бір қалыпта жүретін. Еш уақытта бір жерім ауырды деп айтқан емес. Мен көп жасаймын, деуші еді. Бір танымайтын жерлерге барғанда “внимание” деп, өзінің баритон даусымен жұртты жалт қарататын. Бірде бір ұжымға концерт ұйымдастырып, бөрімізді жинады, “құжаттарыңды алыңдар, онсыз кіргізбейді”, – деп автобусқа отырғызып алып барды. Содан бөрімізді тексеріп кіргізіп жатыр. Бір уақытта Ерекең келгенде, ол кісі бар қалтасын ақтарып құжатын таба алмады. Сөйтсе, үйде ұмытып кетіпті. Содан қойшы, өйтіп-бүйтіп рұқсат алып кірді ғой.

Содан енді концерт басталып кетті. Бір уақытта Ерекең кезек келді, енді айтайын десе, дискісін ұмытып кетіпті. “Әй” деп қолды бір сілтеп, ешқандай сүйемелдеусіз таза даусымен айтып шықты. Біткеннен соң ал кеп күл Ерекеңнің қожанасырлық қылығы ғой. Қазір сол күндерді сағынып, “Ерекең-ай, көбірек жүрмедің-ау жанымызда. Сенің орның олқы тұр. Орның толмайды-ау”, дейміз күрсініп.

**Бисара МӘКЕНОВА,
ҚР еңбек сіңірген әртісі.**

ЕРКІН ТУРАЛЫ ЕСІМДЕГІЛЕР

Өз кезінде ел ішінде өнерімен танылған Еркін Біржановтың мен білетін өмірінің аз болса да есімде қалған кезеңдерін сөз еткім келеді. Мен Еркінді бала кезінен бері білетін едім. Өйткені бір ауылда тұрып, өте жақын араласып, тату-тәтті өмір кештік. Еркін 1942 жылы 15 сәуірде бұрынғы Көкшетау облысы, Чкалов ауданына қарасты Талдыкөл ауылында дүниеге келген азамат. Жанұясында әке-шеше, қарындастары және бір інісі болды. Шешесі Сара апай жасынан өнерге құштар, ән салып, сол кездегі әр түрлі үйірмелерге белсене қатынасып ел көзіне түсе білген жан болды. Сол кездегі соғыстың ауыр жылдарында ол кісінің басынан не бір қиындықтар өтсе де Еркін баласын жақсы тәрбиелеп, өнер жолына жастай баулып, өзінің айтқан әндерін айтқызып, өнерге бейімдей білді.

Еркіннің Чкалов ауданында 10 жылдық мектепті бітіргеннен кейін әрі қарай оқуын жалғастыруға мүмкіндігі болмады. Содан әскер қатарына алынып, үш жыл Отан алдындағы борышын өтеп елге оралды. Ол кезде Ленинград ауданы ашылған болатын. Сол ауданның мәдениет үйінде автоклуб меңгерушісі болып қызмет істеп, өнермен тығыз араласып, ән айтуын одан әрі жалғастыруға мүмкіндік алды. Өмір бірқалыпты тұрмайды ғой. Үйленгеннен кейін қайтадан туған ауылы Талдыкөлге оралып, жүргізуші болып орналасты. Еркін сол жүргізуші бола жүріп ән айту өнерін ешқашан тастаған жоқ. Ән өнерін өзіне серік етсе білді, репертуарын байыта түсуге ұмтылды. Көкшетауда өтетін небір жиналыстарда, ауылшаруашылығы күнінде әр түрлі мерекелерде Еркін әдемі қоныр даусымен талай әндерді шырқап, көрермендерін разы етіп, қуанта білді. Сөйтіп жүріп сол өнінің арқасында шет елдерде де болып қайтты. Мәселен, Югославияға 1975 жылы, Венгрияға 1986 жылы, Болгарияға 1982 жылы, Польшаға 1990 жылдары ән сапарымен барып, дүйім Европаны әдемі әндерімен тәнті етті. Одан бертін Москвада

Бүкілодақтық кәсіподақтарының XXII съезінде, Кремльдің Съездер сарайында Қазақстан атынан барған Еркін конкурстан бірінші болып өтіп, москвалықтарға өнерін көрсетіп қайтты. Бұл өнші үшін зор бақыт еді. Содан келген соң көп кешікпей, “Қазақстанға еңбегі сіңген мәдениет қызметкері” деген құрметті атаққа ие болды. 1996 жылы Еркін Көкшетауға көшіп келіп, облыстық филармонияға қызметке алынды. Өмірінің соңына дейін сол жерде еңбек етіп, халқын өнімен қуанта білді.

Еркіннің жанұясында 3 қыз, 3 ұл дүниеге келді. Ол өзінің 2 ұлын, яғни Сәкен мен Дәуренді Алматыдағы консерваторияда оқытып, білім әперіп, өз өнерін жалғастырар азамат етіп тәрбиеледі. Бүгінде олар әке өнерін жалғастыруда. Сәкен музыкалық колледжде оқытушы болса, Дәуренде осы колледжде оқытушы. Екеуінде екі ансамбльдері бар. Гүлнар деген қызы теміржол ауруханасында медбике болып еңбек етеді. Алма – тәрбиеші, Шынар – мектепте оқытушы. Рүстем жекеменшік шаруашылығында еңбек етеді. Бүгінде Еркіннің анасы Сара 87 жаста. Бәйбіше ата шаңырағында Ораз деген баласының қолында. Эльмира келіні күтіп-бағып отыр.

Көкшетаудағы әке шаңырағында Дәурен деген ұлы мен Айгүл атты келіні аналарымен тұрып жатыр. Арман көп, бірақ оған ешкім жете алмаған ғой. Еркіннің де арманы көп еді, бірақ оған жете алмай өткені ақиқат шығар. Алла Еркінге иман байлығын берсін. Артында қалған балалары, жанұясы, бауырлары аман болып, өмірдің қызығын көре берсін дейміз.

Менің Еркін туралы білетінім көп еді, бірақ оның бәрін қағаз бетіне түсіру оңай болмады. Осымен азды-көпті естелігімді аяқтаймын.

**Талдықөл ауылының азаматы –
Нұрлан ҚАДЫРБЕКҰЛЫ.**

ҚҰРДАСТАЙ ҚАЛЖЫНДАСЫП ЖҮРУШІ ЕДІК

Еркін менен бес жастай үлкен. Бірақ, “Әзілің жарасса, атаңмен ойна” дегендей, кездескенде құрдас адамдардай қалжыңдасып, жиналыстағыдай өткен-кеткенге тоқталып, бір сөзбен айтқанда, сыр шертісіп қалатынбыз.

Еркін екеуіміздің құдандалығымыз да бар. Оның ағасы Ерөн – менің Күлпән апамның елу жыл отасқан жолдасы. Сондықтан болар, біздің жолымыз жиі түйісетін.

“Сүгірбай” совхозында шофер болып жүргенде, аудан орталығы Чкаловқа келген сайын маған соқпай кетпейтін. “Сен ауданда қызмет істейтін адамсың, сенен біраз жаңалықтарды біліп, әңгімелесіп қайтайын деп соқтым” деп, жымышп келіп тұратын. Әңгіме арасында, жұмыста болсын, үйде болсын, баритон даусымен өзінің қайда отырғанын бір білдіріп қоятын...

Біз 2000 жылдың басында Чкаловтан Көкшетауға қоныс аудардық. Еркін өзінің отбасымен Талдықөлден бізден бұрын көшіп келіп, филармонияда істеп жүрген. Қазақи жолменен Көкшетаудағы араластығымыз еруліктен басталды. Екі отбасының қызықтарын бірге тойлап, қыста омыртқа бөлісетінбіз.

Еркіннің алпысқа келген мерейтойына (2002 жылдың 15 сәуірі) оған мынандай өлең жолдарын арнаппын:

Өтіп жатыр Көкшеде алқалы той,
Ақ тілек – халық таққан алқасы ғой.
Алдымен Аллажар, содан кейін –
Тілеуқор Анамыздың арқасы ғой.

Жасай бер, басыңызда болмай қайғы,
Өзің барда ортамыз ортаймайды.
Тфа, тфа, алпыста деп кім айтад,
Шын екен, анасы бар адамдар қартаймайды.

Өттің ғой талай-талай асу, белден,
Өнерің баға алды дүйім елден.
Рахмет Қайыржамал құдашаға,
Алпысқа алқындырмай алып келген.

Тек жақсылық әкелсін туған күнің,
Ортамызда жүре бер қағып күлім.
Әншілік пен шоферлықты қатар ұстап,
Баритоның басушы ед мотор үнін.

Өнер жолы болды ғой қалағаның,
“Әке көрген оқ жонад” деген даналарым.
Дарынды боп туғанға “тәуба” дейік,
Өз жолыңды қуыпты балаларың.

Әрдайым ақ қардай ғой дос көңілі,
Қос өзендей өзіңмен бар өмірі.
Ағайын, дос-жарандар аман болсын,
Тойласын жетпісіңді Көкше өңірі.

Көкше өңірі Еркін Омарұлы Біржановтың жетпіс жылдығын тойлауға дайын еді, бірақ Ерекең ол күнге жете алмады. “Ажал ажарыңа да, базарыңа да қарамайды” деген осы екен ғой.

Бұрынғылар әр өткен күнге жылапты деседі, өйткені өткен күн өмірдің соңына жақындататыны баршамызға аян. Ал қазір біз таң атса, күннің батуына асығамыз, артымызды ойламаймыз. Сөйтіп жүргенде күнді ай алмастырып, жылдың қалай біткенін білмей қаламыз. Кеше ғана ортамызда аңқылдап жүрген Еркіннің де өмірден өткеніне жылдан асып барады...

Совет ХАМИТҰЛЫ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

ЕРКІН БІРЖАНОВТИҢ РУХЫНА

Түлегі Талдыкөлдің талмай ұшқан,
Жаңғыртып дархан даусы жапан күшқан.
Жазған ем аманыңда тебіреніп,
Сырымдай жыр шумағын шағын нұсқан.
Келешек кездескенде ойнап, күліп,
Өзіңе оқырмын деп байлап ұстам...

Кім білген қайран сенің өтеріңді,
Қоштасып кең дүниеден кетеріңді.
Ақжарқын, аңқылдаған алды, арты жоқ,
Көңілді су сепкендей көтеріңкі –
Өзің оқи алмай арман болған
Сондағы бір ауыз сөз мынау еді:

“Әншісі Көкше елінің Еркін деген,
Ән салса, емес шаршап еңкілдеген.
Құрышын құлағыңның қандырады,
Құдіреті баритонның екпіндеген.
Тәтті өуен баурап алған сәттілікте,
Жан қалмас сұлулыққа елтімеген”.

Хош, бауырым, ерке ұлы еліміздің,
Сәні едің өнерсүйер жеріміздің.
Ұмытпас үнің қалды аспаныңда,
Қалықтап мәңгі айғағы шеріміздің.
Ендігі тілек біреу – иманды бол,
Егіліп айтарымыз бәріміздің.

Айдос ӘБУТӘЛШҰЛЫ.

6 мамыр 2008 жыл

ӘНШІ АҒАНЫ ЕСКЕ АЛУ

Еске алайын мен Еркіндей ағаны,
Елі сүйіп, ерке өскен талдыкөлдiк дананы.
Балалары мен бауырлары, жан жары
Жақсылығын қапаланып әр кез еске алады.

Қарт анаңа ауыр жүктi салды Алла,
Күдiреттiң iсiне болмайды ғой еш шара.
Орны толмас бұл қайғыңа, нағашы апа, ортақпын,
Ұлмекендей жиеншарың шын нала.

Бауыры едiм асыл жанның мен де бiр,
Көз алдымда нұр бейнесi әлi тұр.
Еркелеткен Қазинадай тете өскен бауыры,
Бiлемiн мен, ағамызды жоқтап жүр.

Еңбек жолын сол үйде мен бастадым,
Қазинамен егiз қыздай iлгерiге аттадым.
Ал ағаның екеумiзге сабырменен айтатың,
Тағу болып, адал жүр деп әрдайым.

Екеумiздi айырмайтын ақыл айтып тұрғанда,
Қамқор едi той думанда бiздер бiрге жүргенде.
Ақ жеңешем, сүйiктiсi ағаның,
Еркелетер еш айырмай екеумiздi әлi де.

“Жақсыда жаттық жоқ” дейдi халқым,
Сөздерi қазағымның болған алтын.
Әндерi қалықтаушы едi Көкшемизде,
Өнердiң биiктетiп асқақ даңқын!

Жатқан жерiң, бауырым, жайлы болсын,
Жұмақтан Жаратушым орын берсiң.
Артта қалған ұрпағың бақытты боп,
Ағайын еске ап жүрген аман болсын.

**Еркін ағаның анасы Сара тәтемнің жиені
Төлұханның қызы Ұлмекеннен естелік.**

ҚАЗАНАМА

2008 жылдың 4 мамырында өмірінің 66 жасында Ақмола облыстық мемлекеттік филармониясының әртісі Біржанов Еркін Омарұлы қайтыс болды.

Біржанов Еркін Омарұлы 1942 жылы 15 сәуірде Чкалов ауданы Ташдықөл ауылында дүниеге келді.

1961-1996 жылдары Чкалов ауданы “Сүгірбай” кеңшарында жүргізуші болып жұмыс істеді. Еркін Омарұлы бойына дарыған табиғи тамаша баритон дауысының ирқасында көркемөнерпаздар шығармашылығына белсене қатысып жүрді, өзінің концерттерімен республиканың бірлық облыстарында және шетелдерде (Венгрия, Югославия, Болгария) болып қайтты.

1982 жылы оған Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері “құрметті” атағы берілді. Алғыс хаттармен және грамоталармен бірнеше дүркін марапатталды.

Талантты әнші өзінің тамаша өнерімен танылып, кәсіби сахна шеберіне айналды. 1997 жылдан бері “Ақмола облыстық филармониясы” МКҚК әнші ретінде қызмет істеп келді. Облыстық және қалалық ауқымдағы барлық мәдени іс-шараларға қатысып жүрді.

Еркін Омарұлы өз жұмысына әрқашан да аса зор жауапкершілікпен қарап, кез келген аудитория алдында өнерін жарқыратып көрсете алатын.

Дарынды әртіс және тамаша адам ретіндегі оның жарқын бейнесі, орындаушылық шеберлігі, кәсібилігі және мәдениет пен өнерді дамытудағы еңбегі әрқашан да біздің жүрегімізде сақталады.

Біз ол кісіні жақсы жолдас, мейірімді азамат ретінде әрқашан да есімізде сақтаймыз. Біз үшін Еркін Омарұлы еңбекқорлық пен өз ісіне деген адалдықтың үлгісі болып қала береді.

Біржанов Еркін Омарұлының туған-туысқандарына көңіл айтып, қайғыларына ортақтастығымызды білдіреміз.

Ақмола облысының әкімдігі.

Ақмола облысының мәдениет басқармасы.

* * *

4 мая т.г. на 66-м году жизни скончался солист-вокалист Акмолинской государственной областной филармонии Биржанов Еркин Омарович.

Биржанов Еркин Омарович родился 15 апреля 1942 года в селе Талдыколь Чкаловского района бывшей Кокчетавской области.

С 1961 по 1996 годы работал водителем в совхозе "Сугурбайский" Чкаловского района. Природа одарила Еркина Омаровича прекрасным голосом баритона, имея такой голос, он принимал активное участие в художественной самодеятельности, с выездными концертами побывал во всех областях республики и за ее пределами (Венгрия, Югославия, Болгария).

В 1982 году ему присвоено почетное звание заслуженного работника культуры Казахской ССР. Неоднократно награждался благодарственными письмами и грамотами.

Талантливого певца нельзя было не заметить, и его приглашают на профессиональную сцену. С 1997 года работает в ГККП "Акмолинская областная филармония" в качестве солиста-вокалиста. Принимает участие во всех мероприятиях городского и областного масштабов.

Еркин Омарович всегда добросовестно относился к работе, охотно выступал перед любой аудиторией.

Светлая память о талантливом актере и замечательном человеке, его исполнительское мастерство, профессионализм, заслуги в развитии искусства и культуры навсегда сохранятся в наших сердцах.

Мы всегда будем помнить его как отзывчивого, доброго и внимательного человека. Для нас он будет примером трудолюбия и преданности избранному делу.

Выражаем глубокое соболезнование родным и близким Еркина Омаровича Биржанова.

Акимат Акмолинской области.

Управление культуры Акмолинской области.

ӨМІРДЕН ЕЛ ЕРКЕСІ ЕРКІН ӨТТІ

Ұлы Табиғат-Ананың соншалықты мол мырзалықпен сыйлап берген ақ берен әншілік өнерін өмірінің өлмес сый-сұңғатына, сыр-сымбатына айналдыра білген аяулы азамат Еркін Біржанов, өзіміздің бауырымыз, қиыспас қымбатты досымыз Ерекеннің бақиға мезгілсіз аттанған қазалы да азалы сәті қабырғамызды қақыратып, ет жүрегімізді жаныштап кетті. Қапиядан кез келген ажал батыр көмейінен өн өрілген, жүрегінен нұр төгілген, аңқылдаған адал көңілінен шуақ сөбілген ғажап өнер иесінің ғұмырын шектеп, ендігі күндерде өткен шақпен ғана сөйлеуімізге мәжбүрлеп тұр. Құдірет құзыры күшті жазмыштың ісіне қарсы тұрар шамаң, қолданып қалар шараң болмаған соң пәруәне пенделік хал кешесің, “болған іске бордай үгілмей, болаттай бекін” дейсің де өлім дәрегейіне бас ұрасың. Ноқталы басқа бір өлім деген үскірік үкімің осы, ағайын!

Еркін қарапайым қалпымен ақ жарқын өнердің жасампаз-жампоз қасиеті арқасында Арқа аумағын аузына қаратқан қанатты азамат атанды. Телсініс тегеуріні күшті, мақпал майда әуезді, әуелесе шығандап кетер биігі бір оқшау дауысты Еркін өнерін кезінде Мәскеудегі Кремль Сарайына тоғысқандар тамашалады, Европаның он сан мемлекеті қызықтады, Қазақстан жұрты шат-тана қол соқты. Осының бөрінде біздің Еркін Көкшетаудың данқы-на даңқ қосып, осы елдің өнерлі перзенті екендігін парықтата білді. Біз сол үшін де оның есімін құрметтедік, мақтан тұттық, дос-жолдас болғандығымызды қадірледік, өрісті өнеріне шаттандық.

Өнер жолы бұралаң. Ол да осы тайғақ жолдардан таймай, тайынбай өтті, сүрінбей сүйсіністі биікке көтерілді. Өзінің мәңгілік арманы болып қалған консерваториялық білімді қос перзенті Сәкен мен Дәуренге алып берді, әкелік қамқор жүрегі жәртек етіп ұсынды. Сүйікті жары Қайыржамал екеуі ордалы шаңырақ шырайын ұл-қыздары, немерелер шаттығымен еселей түсті.

Достыққа адал сыйластыққа берік, кісілікті – кішілік деумен
өткен Еркін есімі еске түскен сайын оның нұрлы дидарын,
асқақ әуенін аңсайтын, сағынатын боламыз.

Жаның жәннатта, төнің рахатта болсын, өмірде сирек
ұшырасар сұңғатты өнер сандағы Еркін бауыр!

**Достары атынан: Сұлтан Әбиұлы, Қуанышбек
Рымжанұлы, Егінбай Сейітұлы, Сапан Қажыбайұлы, Алпыс
Ақметжанұлы, Төлеген Қажыбайұлы.**

БАҚҰЛ БОЛ, БАУЫРЫМ!

Көкшеде тума талант, әнші Еркін,
Көкшедей көрінуші ед келбет-көркін.
Көкшенің күркіреген аспанындай,
Қосып ед дауысың елге жігер, серпін.
Мінкей, сен де кеттің арамыздан,
Кетпейсің бірақ мәңгі санамыздан.
Сал-сері үнін жалғап туа берсін,
Өзіңдей дархан дарын саламыздан.
Жүруші ек әнді шырқап, күліп-ойнап,
Әндетсек құлпырушы ед Көкше жайнап.
Батырдай алғы шепте тұрушы едің,
Туған ел көтергенде әннен байрақ.
Сап, көңілім тағдырға адам бағынады,
Көл болып көздің жасы ағылады.
Дауысыңды ән тербеген, жан тербеген
Ұрпақтар талай-талай сағынады.
Өнерді жас басыңнан құптап едің,
Еңбекпен егіз қылып баптап едің.
Адалдық, адамдықты бірдей ұстап,
Ешкімге қырғи қабақ шытпап едің.
Мен бүгін көңіл айтам сүйген жарға,
Қалың ел ағайын мен туыстарға.
Үлгіңді болашаққа жалғастырар,
Өнерлі, тәрбие алған ұл-қыздарға.
Еске алып сені, өзгеріп іреніміз,

Ауырар сағыныштан жүрегіміз.
Иманың серік болып, Алла қолдап,
Жұмақта орның болсын – тілегіміз.

Иран ТАСҚАРАҰЛЫ,
ақын, әнші, сазгер.

ДОСИМДЫ АЛСАМ ЕСІМЕ!

Атың барда әнші деген айдарлы,
Жан едің сен ашық-жарқын жайдарлы.
Ақан менен Мәди ақын әндерін,
Дәл өзіндей кімдер осы айталды.
“Көкшетауым” сүйіп айтқан әнінде,
Үнтаспада шырқалуда әлі де.
Оркестрге қосылғанда қысылмай,
Тұрған бейнең бәрі есімде, бәрі де.
Құрдасым-ау, бір жыл туған төл едің,
Құлпыратын орындасаң өлеңім.
Нелер ұлттың әндерін де шырқаумен,
Халқымызды қуанышқа бөледің.
Табиғаттың сыйы еді ғой үнінде,
Өн айтпастан өтпеді бір күнің де.
Сахнаға сен шыққанда қол соғып,
Көрерменің аямайтын гүлін де.
Әнге оралдың, гүлге орандың тірлікте,
Тату-тәтті өмір кештік бірлікте.
О, құдірет, Еркін, сенің мезгілсіз
Дүниеден өтерінді білдік пе??
Әлі үнің кетер емес құлақтан,
Естігендей жақыннан да жырақтан.
Топырағың торқа болсын, құрдасым,
О дүниеде орның болсын жұмақтан.

Тыныштық ШӘМЕНОВ.

КӨКШЕНІҢ СЕРІСІ ЕДІҢ, ЕРКІН, СЕН!

Сырбаз едің, сыпайы едің, сылқым едің, сұлу едің, сен Еркін!

Көкшетаудың өнер аспанында еркін самғаған сұңқар едің, сен Еркін!

Сексен көлдің айдынында еркін жүзген сырнайлы аққудай едің, сен Еркін!

Бұлбұл көмей, алтын таңдайыңнан ағыл-тегіл ағылатын ақжарма өсем әндерін, адам жанын баурап алатын асқақ даусың бүгін тынды дегенге кім сенер?! Көкшетаудың ән-асқары құлады дегенге кім нанар?!

Амал не, Алладан ажал-тағдыр келе қалса лажсыз сенесің, нанасың. Міне, сол суық хабарды Көкшетау жұртшылығы естігісі келмесе де естіді, нанғысы келмей налыды. Қимай-қимай қоштасып, кемсеңдеген Көкшетауың көз жасын төгіп тұр өзіңе, қайран Еркін!

Осы бертін ғана Көкшетау көшелерінің бірінде кездесіп қалғанымда, сылқым сері қалпыңмен, маңдайың жарқырап, зор үнді даусыңмен сәлем бердің. Мен де өзіңе бұрынғы әдетімнен жаңылмай (ылғи айтатынымын) өлеңдете жауап қайтарғанмын:

Өмірді қызықпенен сүрген Еркін,
Жарқылдап емен-жарқын, күлген Еркін.
Көкшенің біле-білсек серісі сен,
Салдықтың салтыменен жүрген Еркін.

Біра ауыз өлең саған өрейін мен,
Әрқашан биіктерден көрейін мен.
Ән деген шалқып, шырқап шыға берсін,
Сирек үнді баритон көмейіңнен.

Ән туын Оқжетпеске тігейік біз,
Түндігін сұлу жырдың түрейік біз.
Сырбаз, сылқым, сыпайы Еркін інім,
Еркелеп ел ішінде жүрейік біз, – дегенмін.

Бұл менің Еркінмен әр кездескен сайын жаңылымай айтатын үш ауыз сәлем қайтару әдетім еді. Ел ішінде бір-бірімізге сркелеп жүретін сондай күндердің келте болғанына не дауа?!

Бақыл бол, бауырым! Ән-ғұмырың ұрпақтан-ұрпаққа жасай беретініне, жалғаса беретініне шүбәм жоқ. Келінге, балаларыңа бақыт бергей бір Алла!

Жұмабай ЕСЕКЕЕВ.

БІР ДӘУІРДІҢ ӘНШІСІ БОЛАТЫН!

Туа бітті таланттың өнер жолындағы тұғырлы болашағы өзі туып өскен қасиетті Көкшенің көркем табиғатынан қуат алғандай болып ерте танылып еді. Оның бойына дарыған сркеше табиғи дауысы өз елін ғана емес, өзгелерді де талай рет таң қалдырып, тамсандырып қошеметке бөлектен болатын. Атақты Ақан сері, Біржан сал, Үкілі Ыбырай секілді ән өнерінің туын биікке көтерген Арқаның сал-серілік дәстүрінің бүгінгі жалғасындай көрінетін Еркін Омарұлының табиғи дарыны әркез сол бабалардың елесіндегі сезілетіндей еді. Оларды былай қойғанда күллі қазақ әнінің падишасы саналатын әлемдік есімі бар Ермек Серкебаевтың ән өнеріндегі нақты ізбасары, төл інісіндегі бағаланатын дарынды әншінің табиғат берген зор дауысы қай-қашанда біздің көңіл түкпірімізден ән салып тұратындай болатыны сөзсіз. Қалай айтқанмен де, өз заманының, өз уақытының белді де беделді әншісі болған Ерекеннің бұл фөниден өтуімен бір кезеңнің, бір дәуірдің әншілік дәстүрі төмамдалғандай сезілетіні қандай өкінішті!

Ол кісі қай-қашанда өзі қадірлеген, өзі табынған өнерге биік өлшеммен қарайтын, оны аса жоғары кәсіби деңгеймен өлшейтін еді. Сонымен қатар, адам ретінде һәм азамат ретінде

айналасына ақкөңіл мінезімен, адал жүрегімен, әдемі өзілімен, қағытпа қалжыңымен, адами аңқаулығымен шуақ нұрын шашып жүретін. Кішіпейілділік пен қарапайымдылық, мейірімділік пен ізгілік оның ерекше қасиетіндей саналатын еді.

Кішіге аға, үлкенге іні болып өзінің саналы ғұмырында туып-өскен Көкшесін ән биігімен төбесіне көтеріп өткен Еркін Омарұлының жарқын бейнесі әрқашан да біздің жадымызда сақталатыны рас. Марқұмның отбасына, ағайын-туыс, жақын жұрағаттарына көңіл айтып, қайғыларына ортақтасамыз.

**Жабал ЕРҒАЛИЕВ,
Ерболат БАЯТҰЛЫ.**

ЕРЕКЕҢ ЕСКЕ ТҮСКЕНДЕ

Өнерге, өнерге жақын адамдарды, әнші, күйші, ақындарды құрмет тұтып, сол кісілермен жиі кездесіп, пікірлесіп жүруге тырысатынымын. Кейін Көкшетаудың күміс көмей әншісі, өте әдемі баритон Еркін Біржановты Көкшениң бұлбұлы деп атап кеткенбіз. Мен Ерекеңмен 1967 жылы Алматы қаласында Қазақконцерттің кіші залында кездесіп, таныстым. Мұнда ел-елден келген өнерпаз жастардың республикалық байқауы өтетін болған. Ерекең менен жасы үлкен болса да екеуміздің түсіністік сыйластығымыз, өзіліміз жарасып кеткендей. Осы кісі өзінің сүйіп айтатын Абайдың әні “Айттым сәлем, Қаламқас”, орыс халқының әні «Родина» деген – екі әнін дайындап жүр екен. Мен Рамазан Елебаевтың «Жас қазақ» әнін орындамақшымын. Менің әндеріме сүйемелдейтін музыкант керек, сен өзің домбырамен айтасың, дауысың жоғары, бар мүмкіндігінше шырқа деп, маған әрі жанашыр, әрі қамқор болып нұсқауларын беріп жүруші еді. Сонымен Көкшетауда кездеспей, екеуміз Алматыда кездесіп танысып едік. Содан кейін облыстық байқауларда кездесіп жүрдік. Кейін 1973 жылы Көкшетау қаласының мерейтойы қарсаңында «Көкшетау» ән-би ансамблі құрылды. Сол ансамбльге аудандардан (қазір марқұм болды) Сайран Мағзұмов,

Ирина Әділбаева, Ерекең және мен шақыртылдым, ансамбль құрамында 40 шақты өнерпаздар, бишілер, әншілер, күйшілер, көркемсөз шеберлері болды. Сол дайындық жасап жүрген кездерімізде Ерекеңнің өнердегі тұлғасы ерекше биік тұрушы еді. Әрі күшті, әрі тембрі әдемі баритон даусын тыңдай бергің келетін. Ол кісі сахнаға шыққанда өнерге қатысы жоқ адамдар да есіктен келіп қарап, тыңдай қалушы еді. Сондай ел құрметіне бөленіп, Ерекең ақкөңіл, кейде бала мінезді еді. Жеңгеміз, жұбайы Қайыржамалды қатты сыйлаушы еді. Ансамбль құрамында талай елдерді араладық, Қазақстанның елді мекендерінде, Москвада, Югославия елдерінде концерт бердік. Қазақтың әндерін, қазақтың домбырасын таныстырдық. Сонда Ерекеңнің орындауын көрермен қайта-қайта сұрайтын. Біз қазақ деген халықты білмеуші едік. Өздеріңіз бойларыңыз кішкентай болса да дауыстарың қандай зор, әдемі деп танданатын. Сол қандай өнер сапарларыңда бірге жүргенде, Ерекең өзінің сол қарапайым, ақкөңіл пейілінен бір таңбайтын. Қайталанбас, туа біткен, Алланың берген өнері, көркем үнді Көкшетаудың бұлбұлы, өнердің биік тұғырында жүрген қайран Ерекем, өткен өмірден ертерек кеттің. Балаларыңның қызығын көрің, өзің халықтың сүйікті әншісі болып жүре беруің керек-ақ еді. Бірақ біздің айтуымызбен болмайтын ажал өзіңді ортамыздан алып кетті. Енді артыңнан құран бағыштап, жаратқан Алла алдыңнан жарылқасың, иманың жолдас болсын деп мінежат еткеннен басқа біздің қолдан не келеді. Хош, бақұл бол!

Топырағың торқа, төнің мамықта,

Жаның жәннатта болсын, Ерекем!

Өзің көре алмай кеткен, жете алмай кеткен биіктерге балаларың жетуге нәсіп өтсін. Жұбайың, балаларың өмірдің қызығына бөленіп, бақыттан-бақытқа шүйгі берсін деп тілеймін.

Хош, бақұл бол, әрі аға, әрі досым,

Сыйласым да сырласым, жан жолдасым.

Топырағың торқа болсын, иманды бол,

Хақ тағалам алдыңнан жарылқасын!

Қайранас МҰҚЫШЕВ.

АУЫЛДАН ШЫҚҚАН ЖҰЛДЫЗ

немесе төлқұрдас жайлы сыр

Кіндігіміздің жас қаны тамған жер – ескі Талдыкөл ауылы, Серек деген табиғаты өте әдемі жерде төрт бала құлынтайдай табысып өсіп едік. Олар: 1. Серік Кәдірбайұлы, 2. Амантай Белдеубайұлы, 3. Еркін Омарұлы, 4. Аязбай Садуақасұлы. Төртеуіміз де сол ауылдың бастауыш мектебінде оқып, мектепті тәмамдағаннан кейін Аймақ жетіжылдық мектеп-интернатында оқып, кейін Чкалов орта мектебін бітірдік.

Балалық шақтың қызықты кезендері көп қой. 6-7 жасар кезімізде бірге ойнап, бірге өстік. Апа-әжелеріміздің шиге жайған ірімшік-құрттарына баудай тиетінбіз. Бойымыз жетпесе, астынан ұзын таяқпен түртіп түсіретінбіз. Бізден қорыған құрттарын дорбаға салып, аузын тігіп, жоғары бой жетпейтін жерге қоятын. Ауыл ортасында жалғыз құдық, соған суға кеткенде аңдып жүріп қапшықты тесіп құрттарын алып кетуші едік.

Үйлерімізден бір-бірден жұмыртқа жинап, дүкенге апарып, Белдеубай ағамыздан көмпит, печенье алатынбыз. Еркіннің ерекше қылық-қызығы шым үйінің дәл маңдайшасында тауық жұмыртқалайтын ұясы болатын. Тауық ұяда жатқанда, қашан жұмыртқалар екен деп аңдып отыратын. Жұмыртқасы түсті-ау деген кезінде астынан жұлып алып дүкенге тартатын. Шошытқан тауықтардың даусын естіген шешесі: “Әкетті анау көгала, әкетті”, деп бақырып қалушы еді.

Соғыстан кейінгі ауыл тұрмысы белгілі ғой. Елде бірен-саран адамдар ауқатты тұратын. Солардың бірі – Әубәкір ағамыз, Еркіннің әкесінің үлкен ағасы. Елдерден тері, жүн жинайтын (заготовитель) больш істейді. Нан ол үйде молырақ

болатын. Еркін, Қукең (інілерінің балалары) “атам үйіне бала боламыз” деп сол үйде жүретін. Шешелерінен нан сұраған кездерінде: “Бар атам үйіне барындар, сол үйден жендер” деп қоя беретін. Оларға тиген нан бізге де тиіп қалатын. Балалар жиналып бөлісіп жеп жатқан кезімізде көрші тұратын бізден екі жас үлкен Кеңес Сартаевтың айтқаны: “Әй, Әубәкір өлсе біз нанға тояр едік” деген сөзін әлі күнге дейін еске алып, күлісіп жатамыз.

Ауыл сырты қалың қыстау. Ағаштары қыста пана, жазда ауыл көркі. Жазда ағаш ішінде күрке жасап ойнайтынбыз.

Бір күні балалар картоп пісіріп жейміз деп Сәдуақас атамыздың огородына түсіп, жаңа ғана түйіні өсіп келе жатқан картоптың сабағының біразын жотаппыз. Солып қалған картоптың сабағын көрген атамыз, бізді аңдып жүріп ағаш ішінде күркеде көк пыбықпен шықпыртып, қыр асырып қуып жібергені бар. Сол күні түн ортасында үйге қайттық-ау. Содан кейін ондай қылықтан аулақ болдық.

Еркін жасынан өнге құмар болды. Әнді нақшыпына келтіріп орындайтын. Мектепте дауысымыз келмейтін бізге ән үйретемін деп әуре болатын. Отан алдындағы әскери борышын атқарып келгеннен кейін Чкалов, Ленинград аудандарының Мәдениет үйлерінде қызмет атқарып, өзінің өнге деген құштарлығын шындай білді. Совхозда шоферлік жұмыста жүргенде арасында облыстық филармонияда гастрольдік сапармен ел-елдерге барып концерт қойып келетін.

Жүрген жері базарлы болатын. Машинамен өтіп бара жатқанда немесе кірген жерлерінде өзінің баритонды даусымен халықтың назарын аударатын. Аздаған фокустерін де көрсетіп қоюшы еді. Неміс, поляктар мез болып “артист приехал” деуші еді.

Еркіннің әншілік дарынының шарықтау шағында Алматының консерваториясына түсуге шақырылған еді. Алайда ата-ананың жайын ойлап, ауылдан асып шыға алмады.

Еркін халық әндерін ерекше шабытпен шырқағанда, отырғандар ұйып бір адамдай тындайтын. Еркіннің үлгі боларлық қасиеттері мол еді. Өйткені ол ел құрметіне бөленіп өтті. Еліне ардақты, халқына қадырлы бола білді. Ол өзінің жоғары адамгершілік қасиеттерімен, әртістік мәнерімен, әрбір адамға деген ерекше ізет-құрметімен көзге түсетін еді. Сондықтан елге өзі де сыйлы болып өтті. Еркіннің шет елдерге, Югославияға гастрольдік концертпен барып келгені, Мәскеуде Съездер сарайында ВДСПС-тың съезінде ән шырқағаны есімде.

Еркін әндерді жоғары шеберлік орындаушылығы үшін және көпжылдық еңбегін бағалап, КСРО Мәдениет министрлігі “Ауыл мәдениетіне еңбегі сіңген қайраткер” медалімен және көптеген басқа да дипломдармен марапатталды. Өнер адамы, туа дарынды болғандығынан да шығар, Еркінде ешқандай реніш, қарсылық білдіру деген болмаушы еді. Еліміздегі ойын-тойларға шақырылып ән шашуына бөленетінбіз.

Еркіннің бұл фәни дүниеден өтерден бір жұма бұрын қарындасымның күйеуі Қасымның 60 жылдық тойында шырқаған: “Айттым сәлем, Қаламқас”, “Аяулым”, “Қаракесек”, “Ты постой-постой, красавица моя”, т.б. оншақты әндері құлағымызда қалғандай. Той иесі Еркінге ризашылығын білдіріп, үстіне шапан жауып еді-ау.

Бұл өтпелі дүниеде, тоқтауы жоқ, қайран өмір-ай! Біреуге ерте, біреуге кеш деген... Өзі де алтын, өлеңі де алтын. Әнінді аңсаймыз ғой.

Бұл фәни дүниемен қоштасқалы да бір жыл таяп қалыпты. Қабырың нұрға толсын, жаның жәннатта, орның жұмақта болсын.

Аязбай СӘДУАҚАСҰЛЫ,
Талдықөл орталау мектебінің бұрынғы директоры,
зейнеткер.

МАЗМҰНЫ

I бөлім

1. Серінің сертке таққан семсеріндей	3
2. Ақжарқын, аңқылдаған жан еді	11
3. Прощальное слово о товарище	17
4. Еркін аға жөнінде естелік	23
5. Бауыр еді, дос еді	28
6. Күркіреген күндей Еркін әнші	30
7. Жалғасы бар ғұмыр	36
8. Еркін жайлы	38
9. Сағынтып жүрсің, саңлағым	55
10. Ән еркесі	58
11. Естелік	62
12. Құдандалы едік	63
13. Ізгі жүректі еді	65
14. Әріптестері еске алады	66
15. Еркін туралы есімдегілер	73
16. Құрдастай қалжыңдасып жүруші едік	75
17. Еркін Біржановтың рухына	77
18. Әнші ағаны еске алу	78
19. Көңіл айтулар	37
20. Өмірден ел еркесі Еркін өтті	81
21. Көкшәнің серісі едін, Еркін, сен!	84
22. Бір дәуірдің әншісі болатын	85
23. Ерекен еске түскенде	86
24. Ауылдан шыққан жұлдыз	88

Елінің Еркіні еді ***(естеліктер)***

Әдеби өңдеп, редакциялаған:

Төлеген Қажыбай

Корректоры:

Гүлнар Шаймерген

Бет қаттаушы әрі көркемдеуші:

Асхат Шәріпбаев

Компьютерде терген

Күлжиян Айтманова

Басуға қол қойылған күні 31.03.09. Пішімі 1/16. Баспа табағы 5,75. Тапсырыс
№ 274. Таралымы 200 дана. Бағасы келісімді.

ЖШС «Келешек-2030» баспасында басылып шығарылды.

Көкшетау қ., М.Горький к-сі, 17 “а”-үй

тел. (8-716-2)-31-33-56, факс 31-33-51.

